

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

СЫР БОЙЫ – НАҒЫЗ ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ МЕКЕНІ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжелең Ақшамы Газеті

ҚЫЗЫЛОРДА - ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҰЯСЫ

Сонымен Сыр топырағында ел болашағының жарқын белесіне жол ашатын маңызды мәселелер талқылауға түсетін Ұлттық Құрылтайдың V отырысы жоғары деңгейде өтті. Халықтың көптеген күткен үміті мен сеніміне селкеу түскен жок. Алкалы жиында қоғамның талқысына түскен өзекті мәселелер қозғалып, кемел келешектің жүйелі жоспары құрылды.

Ел ішінде былтыр Бұрабайда өткен кезекті Құрылтайдағы Президенттің келесі жиынды Қызылордада өткізу жөніндегі ұсынысы қызу талқыланып келді. Жүз жылдық тарихы бар Сыр шаһарында ұйымдастыру көзделген саяси шараның мән-маңызы халық арасында сан түрлі пікір қалыптастырды. Әсіресе, бұл жиынның жылдағыдан ертерек ұйымдастырылуына түрлі жорамалдар айтылып жатты. Парламенттік жүйе, жаңа реформалар, референдум мәселелері қызу талқыға түсетін диалог алаңы болады деп күткендер де болды.

ғылым саласын экономикаға бейімдеу мәселесі өте өзекті. Көп жағдайда ғылыми тақырыптар экономикаға емес, ғалымдардың мүмкіндігіне қарай қалыптасып келеді. Былтыр ҰҒА алғаш рет әлемдік тәжірибеге сәйкес форсайт зерттеу жобасын өткіздік. Осы зерттеу нәтижесінде 220 жаңа экономикалық міндет пен 65 ғылыми-техникалық тапсырыстар дайындалды. Сонымен қатар әлемдегі ең мықты институт саналатын «Korea Institute of Science and Technology Information» ұйымымен келісім-шартқа отырып, академия базасынан «AL Silknet» орталығын құрдық. Ендігі кезекте осы жүйені одан әрі дамытып, Орталық Азиядағы бірегей ақпараттық орталыққа айналдыру жөнінде ұсыныс білдірім. Сондай-ақ, бүгінгі таңда өңірлік ғылымды дамыту ісі де кеңселеп тұр. Қазіргі уақытта ғылымның негізі Алматы мен Астана қалаларында шоғырланған. Сәйкесінше қаржы көздері де көбіне осы екі өңірге бағытталады. Соған сәйкес өзге өңірлердің де

спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады.

Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі», - деп Мемлекет басшысы өз сөзінде нақты атап өтті.

Жалпы жылда наурыз айында ұйымдастырылатын келелі кеңестің биыл қаңтардың ортасында өткізілуі халық пікірін сан-саққа жүгіртті. Жұртшылық бұл жиыннан парламенттік реформаларға қатысты қандай да бір жана-лық күткені жасырын емес. Электоралды процесстердің нақты күні белгіленуі мүмкін деген үмітпен қарады. Алайда, жиын барысында



Негізі ежелден Сыр өңірі Ұлттық Құрылтайдың ұясына айналған киелі мекен болған. Атадан балаға мирас болған кең байтақ жерімиздегі Жоңғар жорығын ауыздықтау мақсатында 1710 жылы Арал өңірінде қазақ ру басыларының ұйымдастыруымен «Қарақұм құрылтайы» өткені тарихтан мәлім. Ел бостандығы таразыға түскен сын сәтте елді бірлікке ұйыстырып, жауға бірігіп тойтарыс беруге шешім қабылданғаны тарихи деректе көрініс табады. Соған орай арада талай ғасырды артқа тастап, Ұлттық Құрылтайдың Сыр өңірінде қайта ұйымдастырылуынан халық үлкен өзгерістер күтті. Бұл жиын ел келешегі үшін маңызды мәселелердің талқылау алаңына айналатынына үміттен көз тастағаны байқалды.

Көп болып күткен алқады жиынның алғашқы күнінде секциялар отырысы ұйымдастырылып, онда ел дамуына негіз болатын маңызды мәселелер кеңінен талқыланды. Жалпы жиынға еліміздің түкпір-түкпірінен ұлт болашағы үшін жүйелі жоспар құруды көздейтін нағыз жанашыр жандар бас қосты.

Секция отырысының алғашқы бөлігінде «Әлеуметтік-мәдени даму», «Білім және ғылым» бағыттары бойынша ойқозғалса, түстен кейін «Азаматтық қоғам» және «Экономикалық даму» мәселелері талқы таразысына түсті.

- «Бүгін төрт секцияның жұмысы ұйымдастырылады. Жалпы биылғы алқалы жиында 100-ден астам құрылтай мүшелері қатысады. Негізінде Ұлттық Құрылтайда айтылатын ұсыныстар мен пікірлер Мемлекет басшысы мен мемлекеттік органдардың бақылауында. Ал секция отырысында айтылған барлық ұсыныстар Ұлттық Құрылтайдың хатшылығы арқылы мұқият зерделеніп, соған сәйкес тиісті қорытындылар жасалатынын болады», - деді секция отырысына қатысты Мәдениет және ақпарат министрі Айда Балаева.

Жалпы секция отырыстарында жарқын келешекке негіз қалайтын маңызды бағыттар кеңінен қамтылды. Оның ішінде ғылым және білім саласын дамытуға жол ашатын жүйелі бастамалар да сөз болды. Әсіресе, Ұлттық ғылым академиясына қатысты ұсыныстар көптің талқысынан туғызды.

- «Жалпы бұған дейін өткен құрылтайларда көтерілген әрбір мәселе кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Оның ішінде Ұлттық ғылым академиясына қатысты ұсыныстар оңтайлы шешімін тауып жатыр. Бұл жолғы отырыста бірнеше мәселе көтеріп отырмыз. Соның ішінде еліміздің

ғылымын дамытуға жете мән берілуі тиіс» - дейді Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Құришаев.

Ертеңіне Президенттің қатысуымен өткен негізгі жиынның мән-маңызы ұлтымыз үшін жоғары. Таназанмен «Достық үйінің» маңына еліміздің түкпір-түкпірінен ел мәселесіне атүсті қарамайтын азаматтар жиналды. Жүйелі жоспарлар мен маңызды шешімдер қабылданар сәт жақындаған сайын түрлі пікірлер де айтылды. Ең бастысы, келелі кеңестің Сыр топырағында ұйымдастырылуын тарихи дерекпен байланыстырып, көпшілік оң шешім ретінде жоғары баға беріп жатты.

Соңғы жылдары ел өзгерістерге бет бұрған Сыр өңірінің қазіргі келбетіне сүйсіне қарағандар қарасы қалың болды. Мәртебелі меймандар Қызылорда қаласының қарқынды даму сатысына деген бетбұрысына игі тілектерін де аянып қалмады. Тіпті алкалы жиында Президентіміз де Сыр өңірінде орын алып жатқан ел өзгерістерге лайықты бағасын беріп, бұл аймақ басшысының қажырлы еңбегінің айқын жемісі екеніне тоқталды.

- «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр. Былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтыр 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі. Облыс тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы көгілдір отынды пайдаланады. Елді-мекендерге газ құбырын тарту жұмысы алдағы уақытта жалғаса береді.

Аймақтағы автокөлік жолының сапасы жалпы жақсы жағдайда деуге болады. Облыстың әуе және темір жол жүйесі де жаңғыртылып жатыр. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы ашылды. Қызылорда қаласындағы тарихи ғимараттың бірі – темір жол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Бұған қоса, аймақтағы 10 темір жол бекетін жаңғырту жұмысы басталды. Мұның бәрі облыстың логистикалық әлеуетін арттыра түседі.

Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және

Мемлекет басшысы Жаңа парламент – «Құрылтай» деген атаумен қайта құрылымданытынын айтып, елді елең еткізді. Арнайы Ассамблея квотасы болмайды. Бір партиялы жүйе 145 депутаттық тізіммен жасқалады. Сонымен қатар бұл жиында вице-премьер статусы белгіленіп, мемлекеттік кеңесші қызметі жойылатыны жария болды. Осы сәттен бастап Ұлттық Құрылтай жұмысын тоқтатып, оның орнына алдағы уақытта құрамы 126 адамнан тұратын Халық кеңесі құрылады. Нақты айтқанда, кеңес құрамына этно-мәдени орталықтардан 42, мәслихаттардан 42, қоғамдық ұйымдардан 42 адам мүше болады.

Жалпы алкалы жиында айтылған әрбір жүйелі жоспарлар мен баянды бастамалар алдағы уақытта Конституцияға айтарлық өзгерістер енгізілетінін меңзейді. Яғни, бұл жолғы Құрылтайда ел тарихындағы маңызды мәселелер қозғалып, саяси жүйені түбегейлі өзгертуге батыл қадам жасалып отыр.

Құрылтайда қозғалған әрбір ұтырлы ұсыныстар мен баянды бастамалар Құрылтай мүшелері мен сарапшылар тарапынан да зор қолдау тауып отыр. Жиынға қатысушылармен пікірлесу барысында осыны аңғардық.

Парламент Мәжілісінің депутаты Максим Рожин:

- «Шынымен де бүгін өте ауқымды, елдің болашағын айқындайтын, келешекте мемлекетті басқарудың структурасын қалыптастыратын келеді ұсыныстар түсті. Енді бұл бағытта конституциялық комиссия жұмыс жасайтын болады. Алдағы уақытта заңға да үлкен өзгерістер күтіліп отыр. Президент айтып өткендей, бұл жұмыстардың барлығы да халықтың шешімімен жасалуы тиіс».

«Қазақстан» ұлттық арнасының продюсері, журналист Ерқанат Көпжасарұлы:

- «Шынымен айтқанда, бүгінгі алкалы жиынға байланысты көптеген сарапшылардың пікірі мүлде басқа болды. Нақтысы, референдумның өтетін мерзімі белгіленуді деп топышылап жатты. Бірақ бүгін Президентіміздің саяси шешімдерін болжап білу мүмкін еместігін тағы бір дәлелдеп берді деп айтуға болады. Ерекше атап өтетін жәйт, вице-президент институтын енгізу ұсынылып отыр. Осы арада, Ұлттық Құрылтайдың өз миссиясын ояқтағаны жария болды. Есесіне Халық кеңесі институты құрылып, оның жұмысы заңмен реттелетіні айтылды. Сондықтан біз саяси өзгерудің алдында тұрмыз деп айтуға толық негіз бар. Енді осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізетін боламыз».

Қастерлі Қызылорда жерінде бас қосып отырмыз. Бұл – халқымыз үшін орны ерекше аймақ. «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғанын аңғартады. Қызылорданы сол өйгілі қалалардың заңды жалғасы дей аламыз. Бұл шаһардың тарихи мән-маңызы айрықша. Оның осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болғаны баршаға мәлім. Бұл жерде еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданды.

Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі.

Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Өйгілі күрішші Ыбырай Жақаевты халқымыз ерен еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді.

Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр. Былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтыр 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі. Облыс тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы көгілдір отынды пайдаланады. Елді-мекендерге газ құбырын тарту жұмысы алдағы уақытта жалғаса береді.

Аймақтағы автокөлік жолының сапасы жалпы жақсы жағдайда деуге болады. Облыстың әуе және темір жол жүйесі де жаңғыртылып жатыр. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы ашылды. Қызылорда қаласындағы тарихи ғимараттың бірі – темір жол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Бұған қоса, аймақтағы 10 темір жол бекетін жаңғырту жұмысы басталды. Мұның бәрі облыстың логистикалық әлеуетін арттыра түседі.

Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады.

Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі.

Өткен ғасырдың ортасында адамзат баласы алғаш рет Байқоңырдан ғарышқа аттанғаны – бүкіл әлемге белгілі дерек. Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи өлке жаңа дәуірде де ойдағыдай дамуда.

КІШІ АРАЛДЫҢ СУЫНЫҢ КӨЛЕМІН АЙТАРЛЫҚТАЙ КӨБЕЙТУГЕ МҮМКІНДІК БОЛАДЫ

Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір Кекарал бөгетін биіктету шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады.

Бірақ бұл тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес. Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде әртүрлі көлемде жетеді. Демек көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бәрімен су ресурстарын бірлесе пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоямыз қажет.

Су – еліміз үшін стратегиялық ресурс. Біз су мәселесімен жүйелі түрде айналысуымыз керек. Мен былтыр Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсындым. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау барысында осы мәселені алға қарай жылжытуымыз қажет. Алдағы сәуірде Астанада Халықаралық экология саммиті өтеді. Жиында Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларымен Арал мәселесін талқылаймыз. Кіші Аралдың қалпына келуі бүкіл Сыр өңірін одан әрі көркейтуге жол ашады деп үміттенеміз.

Мемлекет басшысы Қ.Т.ОҚАЕВ:
– Бүгінгі басқосуға Сыр елінің азаматтары қатысып отыр. Олардың ішінде ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер және жастар бар. Осы орайда, жергілікті халықтың еңбекқорлығы мен ұйымшылдығын атап өткім келеді. Мен Сыр елі жұртшылығының бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, нағыз отанышылдықты көремін. Облыс орталығымен қатар, әр ауылдың тазалығы көз тартады. Мысалы, Нағи Илиясов, Таң ауылдарын бүкіл елге үлгі ретінде үнемі айтып жүремін. Сіздер осы аймақпен қатар, күллі еліміздің дамуына үлес қосып келесіздер.

4-5 беттер

«Қазақстанның Еңбек ері», академик, ғалым Асқар Жұмаділдаев:
- «Бүгінгі жиында Мемлекет басшысының әрбір қабылдаған саяси шешімі қай тұрғыдан да құптарлық. Өйткені бұл жиында елді басқарудың механизмі мен алгоритмі нақтыланды. Бастысы, президенттік билік сақталды. Егер президенттік билік болмаса, әркім жан-жаққа тартып, елде береке қалмайды. Сондықтан вице-президент институтын қалыптастыру жүйесі елдің сенімін еселеу түсті деп айтуға толық негіз бар».

Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтаев:
- «Қасиетті Сыр өңірінде өткен Ұлттық Құрылтайдың бесінші жиыны өте маңызды оқиғаларға толы болды деп есептеймін. Жалпы жиын барысында Құрылтай мүшелері өз ұсыныстарын ортаға салып, еліміздің өткенін өлшеп, болашағын бағдарлайтын маңызды шешімдер айтылды. Тиісті тапсырмалар берілді. Оның ішінде ең бастысы, алдағы уақытта конституциялық өзгерістердің болатындығы мәлім. Ең бастысы, Президенттің баяндамасында мемлекетіміздің бүгінгі бағдарлап, болашағын айқындайтын маңызды шешімдер айтылды. Оның ішінде конституциялық өзгерістердің болатындығын, Ұлытау төрінен басталып, Қызылорда төрінде жалғасқан Ұлттық Құрылтайдың өзінің миссиясын абыройлы атқарғандығын атап өтті. Алдағы уақытта 100 адамнан тұратын Халық кеңесі құрылатындығы жария болды. Сонымен қатар парламенттік реформа мен оның бағыт-бағдары айқындалды. Осы ретте ғасырлар бойы жүрегімізге жақын атау Парламент алдағы уақытта Құрылтай деген атаумен аталатынын мәлімдеді. Бұл бірінші кезекте күшті Президент, ықпалды Парламент, халық үнін ететін Үкімет қағидағын қалыптастырып қана қоймай, ұлттық таным мен болмысымызға тән атау болатынына сенім зор. Бұл жүйе елдің, халықтың көңілінен шығады деп ойлаймыз».

Р.С. Жалпы Сыр өңірінде ұйымдастырылған соңғы Ұлттық Құрылтай еліміздің жаңа саяси орлеу сатысына бағыт қалам жасауына бағыт беретін тарихи жиын болды. Өйткені ұлт болашағы айқындалған маңызды мінберде қабылданған әрбір шешім әділетті Қазақстанды құруға жасалған сенімді қадам деп айтуға толық негіз бар.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ

2026 ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРДІ?

– 2026 жылы БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері қалай өзгерді?

– 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) төленетін зейнетақы төлемдері зейнетақы төлемдерін бұрыннан алып жүрген зейнеткерлер үшін 5 пайызға ұлғайды.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Аталған әдістемеге сәйкес зейнетақы төлемдерін алғаш рет ала бастайтын азаматтар үшін ай сайынғы төлем мынадай тәртіппен есептеледі: зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарын төлеу мөлшерлемесі — 6,5 пайызға көбейтіліп, 12 айға бөлінеді. Кейінгі жылдары ай сайынғы төлем мөлшері зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне сәйкес 5 пайызға арттырылып отырады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан жүзеге асырылатын ай сайынғы зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТК) кемінде 70 пайызына тең. 2026 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі - 50 851 теңге.

Әдістемеде төменде көрсетілген санаттарға жататын азаматтар үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу кезінде қолдануға болатын арттырушы түзету коэффициенттері көзделген:

- мерзімсіз уақытқа белгіленген І немесе ІІ топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде 60 ай төленген және зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар. Егер азамат жоғарыда көрсетілген екі талапқа бірдей сәйкес келсе, ең жоғары мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер жеке зейнетақы шотындағы қаражат толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

– 2026 жылғы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшерлемесі қандай?

– 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшерлемесі қызметкер табысының 3,5%-ына дейін ұлғайтылды (ЖМЗЖ мөлшерлемесі кезең-

кезеңімен өсіп келеді:2024 жылы – 1,5%,2025 жылы – 2,5%, 2026жылы– 3,5%,2027 жылы – 4,5%,2028 жылы – 5%).

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі жаңа құрамдас бөлік – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарымен (ЖМЗЖ) толықтырылды. Қабылданған өзгерістерге сәйкес әрбір жұмыс беруші қызметкер табысынан үсталатын міндетті 10% зейнетақы жарналарынан бөлек, өз қаражаты есебінен 1975 жылғы 1 қаңтардан кейін туған қызметкерлерінің пайдасына қосымша жарналар аударуға міндетті.ЖМЗЖ есептелетін табыс сомасың төменгі жалақы мөлшерінен (ЕТЖМ) кем болмауы және тиісті жылға белгіленген 50 еселенген ЕТЖМ-нан аспауы тиіс.

Жұмыс беруші зейнет жасындағы адамдар, І және ІІ топтағы мерзімсіз мүгедектігі бар тұлғалар, әскери қызметшілер, сондай-ақ 1975 жылғы 1 қаңтарға дейін туған азаматтар үшін ЖМЗЖ төлеуден босатылады.

– «Арнаулы салық режимі» (АСР) дегеніміз не?

– 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында жаңа Салық кодексінің күшіне еніп, ҚР Әлеуметтік кодексіне өзгерістер енгізілуіне байланысты жаңартылған арнаулы салық режимдері (АСР) енгізілді:өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР, оңайлатылған декларация негізіндегі АСР, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтарына (ШФҚ) арналған АСР.Бұл режимдер өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың тек салықтарды ғана емес, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеу тәртібін де реттейді.

– Жаңартылған арнаулы салық режимдері (АСР) қандай мақсатпен енгізілді?

- Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР, оңайлатылған декларация негізіндегі АСР және ШФҚ-ға арналған АСР енгізу келесі мақсаттарға бағытталған:
 - өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен шағын бизнесті белсенді тарту арқылы зейнетақы және әлеуметтік жүйемен қамтуды кеңейту;
 - Қазақстанның миллиондаған азаматтары үшін бизнесті жүргізуді жеңілдету;
 - мобильді қосымшалар мен онлайн-платформалар арқылы салықтық әкімшілендіруді одан әрі цифрландыру.

Бұл жаңашылдықтар зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға, еңбек ететін азаматтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге және «көлеңкелі экономиканың» азаюына ықпал етеді.

– Қандай арнаулы салық режимдері (АСР) енгізілді?

1. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР (интернет-платформалар арқылы қызмет көрсететіндерді қоса алғанда)

2026 жылдан бастап енгізілген бұл АСР жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын және жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғаларға (Қазақстан азаматтары мен қандастарға) арналған. Режим Үкімет бекітетін қызмет түрлерінің шектеулі тізбесіне қолданылады.

Айлық табыс мөлшері тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған 300 еселенген АЕК-тен, ал жылдық табыс 3 600 АЕК-тен аспауы тиіс.

Осы режимді қолданатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар алынған табыстарынан міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ)өз бетінше төлейді.

Мөлшерлемесі:

- МЗЖ – табыстың 1%;
- ЖМЗЖ – табыстың 1%.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар АСР-ны арнайы мобильді қосымшаны пайдалана отырып, оның чектері және өзге көздерден алынған кірістер туралы басқа да мәліметтер негізінде қолданатын болады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР-да жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ орындардағы кірістерді есепке алу өздері әзірлеген қарапайым нысанда, операциялардың күнін, атауын, әрбір операция нәтижесінде алынған сомаларды, әрбір күн үшін, бір айдағы қорытынды соманы көрсете отырып жүргізіледі.

Қызметін интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалану арқылы жүзеге асыратын өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР-да МЗЖ мен ЖМЗЖ-ны интернет-платформа операторы ұстап, аударады.

2. Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР

Салық кодексінің 723-бабының 2-ші тармағында көрсетілген салық төлеушілерді (басқа

АУМАҚТАН ТЫС СОТТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтық мемлекет қағидаттары сот билігінің тәуелсіздігін, заң мен сот алдындағы теңдікті, сондай-ақ әрбір адамның өділ сотқа көл жеткізу құқығын қамтамасыз етуді көздейді.

Аумақтан тыс соттылық институты сот төрелігінің бейтараптығын, объективтілігін және тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды процессуалдық механизм ретінде көрініс табады. Судьялық тәжірибеде бұл институтты қолдану қоғамның сотқа деген сенімін арттыруда шешуші рөл атқарады.

Аумақтан тыс соттылық – әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі оны қарауға жалпы аумақтық құзыреті бар соттан басқа, өзге өңірдегі соттың қарауына беру мүмкіндігі. Бұл тетік істің әділ өрі бейтарап қаралуына күмән туындаған жағдайларда қолданылады.

Алайда заң шығарушы бұл қағида-ның абсолютті еместігін ескере отырып, сот төрелігінің негізгі қағидат-тарын қорғау мақсатында аумақтан тыс соттылық мүмкіндігін енгізді. Оның басты мәні – соттың формалды тәуелсіздігін ғана емес, нақты, шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

- Сот практикасы көрсеткендей, аумақтан тыс соттылық, әдетте, келесі жағдайларда қолданылады:
 - істің қатысушыларының жергілікті мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен немесе ықпалды құрылымдармен тығыз байланысы болған кезде;
 - құқық бұзушылық қоғамда үлкен резонанс тудырған жағдайда;
 - істі қарау барысында судьяның немесе сот құрамының бейтараптығына күмән келтіретін объективті негіздер болған кезде;
 - процесс қатысушыларының

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Көлікті масаң күйде жүргізген жүргізуші үшін тағайындалатын жаза қаншалықты қатал болса да, ішімдік ішіп көлік жүргізу әрекеті тыйылмай келеді. Азамат Х. өз басқарушындағы «В» маркалы көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқарған.

Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті өзінің кінәсін мойындаған түсінігімен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен дәлелденген.

Сот қаулысымен Х. Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жаза тағайындалды.

Арал аудандық соты

«ЖАЛҒАН БАҚЫТ ПЕН ШЫНЫ САРАЙДЫҢ СЫРЫ»

Ай астындағы Аккент қаласы

бұрыннан тыныш берекелі мекен. Таң сайын тұрғындар бір-біріне мейіріммен қарап, кешке шаршағандарымен, болашақтан үміттенетін.

Алайда бірде қалаға жүзі жайдары көрінгенімен, жанары суық бейтаныс Саудагер келді. Оның қолында түрлі түсті, жылтыр тастарға толы сандықшасы болды.

- Бұл «Ләззат» тасы, - деді дауы-сына сенім ұялатып.

- Бір рет иіссесен, жан дүниң жеңілдеп, уайымдарың ұмыт болады.

Жұрттың көбі күмәнмен қарағаны-мен, жасөспірім Еңлік қызығушылы-ғына еріп, тасты иіскеді. Сол сәтте өзін бақыттың шынында жүргендей: айналасы ерекше жарқырап, өзіне қанат біткендей аспанда жүрді. Бояулар қанық, өмірі бұрын-сонды болмағандай тәтті көрінді. Бірақ бұл қуаныш ұзаққа созылмады.

Келесі күні Еңлік өзін танымай, көзіндегі от сөніп, денесі әлсіреп, жаны бір нәрсеге тәуелді болғандай, сол

тасты иіскеуге ғана асығатын болды. Саудагердің «сыйы» ауыр құнды талап етті. Әр тас үшін адамның ден-саулығын, арманын, еркіндігін байқап-пай жұтатын. Осылайша Еңлік сырты көз тартарлықтай, бірақ іші суық, қуыс Шыны сарайға қамалды. Онда уақыт пен үміт тоқтап қалғандай.

Досының өзгерісін көрген Қайсар шындықты түсініп, ержүрек полиция қызметкеріне жүгінді. Тәртіп сақшысы Саудагердің арам пиғылын бірден ұғып, заң мен әділдіктің күшімен Саудагердің сандықшасын талқандағанда, ішіндегі жылтыр тастар күлге айналып, Шыны сарайдың сиқыры жойылды.

Полиция қызметкері Еңлікке қол ұшын созып: «Өз өміріңнің суретшісі – тек өзін, оны жалған бояумен был-ғама»,– деп қауіптен арашалап алды.

Кенесбекқызы Жібек Қызылорда қаласы М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің І-курс студенті



Кенесбекқызы Жібек: Тобы: МДБ-1-25

ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Жердегі апаттың, қасіреттің бірі – адамның қадағалауынан шығып кеткен өрт, ол – жер бетіндегі тіршіліктің жауы. Өрт – тілсіз жау Өрттің артында қайғы-қасірет пен өртенген заттардың қалдығы қалады. Қадағаланбаған өртте аңдар мен құстар, өсімдіктер жойылады, адам қолымен салынған ғимараттардағы өртте адамның өмірі мен денсаулығына қатер төнеді. Сіріңкемен ойнаған қараусыз бала, өшірілмеген от немесе тасталған темекі тұрқылы өрт қаупін төндіретінін ойламаймыз. Өрттің басты себептерінің бірі – от ошақтарын пайдаланудағы саалқтық. Қазір ауа-райы жылығанан сайын отты азырақ жағады, бірақ одан өрт шығу қауіптілігі азаймайды. Пеш-терде қыстай мұржа ішіне ыс жиналып, түтін-нің шығуын қиындатып, өрт шығуына себеп болуы мүмкін. Қазір әр үй иесі мұржаны, пешті жиналған ыс пен күлден тазартуы қажет. Тек қана өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап, отты пайдалануда сақ болған адам қауіпсіздігіне кепілдік береді.

Қ.БЕЙСЕНБАЕВ

Қызылорда қаласы ТЖБ 1 мамамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10266 -Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	
Бас редактор Сәрсенкүл Бөйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11		Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН			Тапсырыс	

"ҚАРАӨЗЕК" СУ ҚОЙМАСЫ САЛЫНАДЫ



жарияланды. Жыл соңына дейін жобаны іске асыру жоспарлануда.

«Арал - Сарыбұлақ» топтық су құбыры арқылы Арал және Қазалы аудандарындағы 160 мыңнан астам тұрғыны бар 65 елді мекен ауыз сумен қамтамасыз етіледі. 1986 жылы пайдалануға берілген құбыр желілері айтарлықтай тозып, су қысымына төтеп бере алмау салдарынан апаттық жағдайлар мен уақытша ажырату жиі болады.

Мәселені шешу үшін «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырының екінші

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайхановпен кездесті. Кездесуде өңірдегі «Қараөзек», «Арал-Сарыбұлақ» су нысандарына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысының Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес елімізде бірінші кезекте салынатын 9 су қоймасының тізіміне «Қараөзек» су қоймасы енгізілген болатын. Осыған орай су жинақтауға арналған қойманың жобасы әзірленді. Ол Ислам даму банкінің «Климаттық орнықты су ресурстарын дамыту 1-кезең» жобасы аясында қаржыландыруға ұсынылып, бүгінде мемлекеттік сатып алу конкурсы

Су ресурстары және ирригация министрлігі тарапынан Ислам даму банкі арқылы тартылатын қарыз қаражаты есебінен 7,1 млрд. теңгенің 6 жобасы қолдау тапты. Олар «Қараөзек» су қоймасын салу және су жеткізу каналдарын күрделі жөндеуден өткізуге бағытталған.

тармағын салудың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленді. Жалпы 43,7 млрд. теңге қаржыға 234 шақырым су желілерін салу көзделген. 2024 жылы республикалық бюджеттен 5,5 млрд. теңге бөлініп, 23 шақырым су құбырының құрылысы аяқталды.

“КЕЛІНТӨБЕНІҢ” ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ

Жаңақорған ауданындағы Келінтөбе ауылында жаңа спорт кешенінің ашылу рәсімі өтті. Рәсімге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «ҚазАтомӨнеркәсіп» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі бас директоры Қуаныш Омарбеков, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.



Рәсімде аймақ басшысы бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығына тоқталып, тұрғындарды жаңа кешеннің ашылуымен құттықтады.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ауыл – біздің алтын бесігіміз. Ауылдағы тіршілік сапасын жақсартпай, жалпыұлттық дамуды елестету мүмкін емес» деген болатын.

Президентіміздің аймақтардың әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, оларды елдегі саяси-экономикалық процестерге белсене қатыстыру жөніндегі бастамалары стратегиялық маңызға ие.

Өңірде тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалуда. 2022 жылдан бері 23 спорт нысаны салынды. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында тағы 4 спорт кешені табысталады.

Бүгін «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 393 млн. теңгеге бой көтерген дене шынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне айналады. Ғимаратты сапалы салып, мерзімінде аяқтаған құрылысшыларымызға алғыс білдіреміз.

Жаңа нысан дені сау ұлт қалыптастыруға қызмет етіп, осы жерден еліміздің көк туын әлемдік ареналарда желбірететін чемпиондар шығады деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде ауданың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен мердігер мекеме құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Парламент депутаттары Наурызбай Байқадамов, Қазыбек Иса құттықтау сөз сөйледі.

КҮРІШ ПЕН ЖҮГЕРІНІҢ ҚЫТАЙ КЕЛІСІМІ

Сыр өңірінің агроөнеркәсіп саласына инвестиция тарту мақсатында облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов бастаған делегация Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барды.

Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері бар. Олар Бэйянь округінде Қытайдың ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші компанияларымен кездесулер өткізді. Атап айтқанда, ғылым докторы Лу Нанмен кездесуде сапалы тұқыммен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Бұдан бөлек «Jiarun Agriculture», «Gao's Hetian Rice Industry», «Baqi» сынды күріш және жүгері дақылдарын өндіретін ірі агроөнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысымен танысып, тәжірибе алмасты.

Бұл келісімдер Қытай мен Қазақстан арасындағы агроөнеркәсіптік серіктестікті жаңа деңгейге көтеріп, Сыр өңірінің ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартуға және «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы тиімді жобаларға жол ашады.

Сапар аясында Хайнань провинциясының өнеркәсіптік қалалық Инвестициялар паркінде маңызды кездесу өтті. Онда агроөнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, агротехнологияларды дамыту, ресурстарды интеграциялау және өндірістік парктерді бірлесіп салу мәселелері талқыланды. Қызылорда облысының әкімдігі, Хайнань провинциясының өнеркәсіптік қалалық Инвестициялар паркі және Хейлунцзян Хэхуэйдэ сауда компаниясы арасында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған ұшжақты меморандумға қол қойылды.

Дунфан қаласында делегация мүшелері «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында өткен халықаралық ауыл шаруашылығы конференциясына қатысты. Конференция Қытай мен Қазақстан арасындағы агроөнеркәсіптік ынтымақтастықты тереңдетуге, инвестициялық мүмкіндіктерді таныстыруға және бірлескен жобаларды іске асыруға бағытталды.

Онда аграрлық технологиялар мен өнім өңдеу саласындағы өзекті мәселелер көтерілді. Сондай-ақ, Хайнань халықаралық экономикалық даму бюросы, Хайнань-Хэйлунцзян сауда-өнеркәсіп палатасы, Дунфан жүгері өнеркәсібі қауымдастығы және Баян уезінің ауыл шаруашылығын дамыту компаниясы арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

ГЕРЕТТО КОМПАНИЯСЫ МҰНАЙ ӨНДІРҮДІ АРТТЫРАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Gepetto Energy Technology (Hainan) Co., Ltd компаниясының директоры Цзэн Биньмен кездесті. Кездесуде өңірдегі кен орындарында мұнай өндіру көлемін арттыруға бағытталған жаңа технологиялар талқыланды.

Gepetto – мұнай-газ өндіруді ұлғайтуға арналған технологияларды әзірлейтін Қытайдың жетекші жоғары технологиялық компанияларының бірі. Жаңа ұғымаларда гидравликалық жару, қышқылмен өңдеу, жетілген кен орындарында мұнай алу коэффициентін арттыру бағытында қызмет атқарады.

Компания нанозмультисиялық қоспалар, инновациялық

ORHUN MEDICAL ОРТАЛЫҒЫ – ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Orhun Medical компаниясы жаңа медициналық орталығының жұмысымен танысты. Орталықтың негізгі бағыты – позитронды-эмиссиялық томография мен компьютерлік томографияны біріктіретін жоғары технологиялық диагностика. Бұл онкологиялық ауруларды ерте анықтауға, дерттің таралу деңгейін бағалауға және емдеу тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді.



Аталған диагностикалық қызметті алу үшін өңір тұрғындары Алматы және Астана қалаларына баратын. Енді бұл қызмет тұрғылықты жері бойынша көрсетіледі. Медициналық орталықтың жобалық қуаты жылына 3 500 ПЭТ/КТ, 16 000 магниттік-резонанстық томография, 20 000 компьютерлік томография, 25 000 рентгенологиялық зерттеу және 10 000 маммография жүргізуге есептелген.

Қызылорда қаласындағы орталықтың ашылуы Orhun Medical компаниясының Қазақстан өңірлерінде жоғары технологиялық онкологиялық көмекті дамытуға бағытталған жобасының екінші кезеңі болып саналады. Ұлытау, Түркістан, Ақтөбе тұрғындарына да қызмет етеді. Бірінші кезеңде Ақтау қаласында осындай орталық іске қосылған. Зерттеулер тегін мемлекеттік кепілдендірілген көлемі аясында жүргізіледі.

Бұдан бөлек, медициналық орталыққа халыққа МРТ, КТ, рентгенография, маммография, ультратрадыстық диагностика, бейінді мамандардың кеңестері, зертханалық зерттеулер және емшара бөлімдерінің қызметтері қолжетімді болады. Орталық ақпан айында ашылады деп жоспарлануда.

АҚТӨБЕЛІКТЕР БӘРІН КӨРУГЕ КЕЛДІ

Сыр өңіріне Ақтөбе облысының ресми делегациясы іссапармен келді. Сапардың мақсаты – өңіраралық әріптестікті нығайту, тәжірибе алмасу және өзара тиімді байланыс орнату. Контактарды облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қабылдады. Онда тараптар әлеуметтік және экономикалық бағыттау бойынша пікір алмасып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылады.

Сапар аясында ақтөбеліктер өңірдегі жаңа нысандармен танысты. Ең алдымен халықаралық стандарттарға және УЕФА талаптарына сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадионды көрді. Аумағы 20 мың шаршы метр ғимараттың жасыл алаңнан бөлек, бокс, дзюдо, грек-рим, еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика, таеквондо және ауыр атлетика залдары бар. Спорт залдар келушілерге үздіксіз әрі сапалы қызмет етеді.

Ақтөбелік делегация Президент саябағын, сол жағалаудағы тарихи-өлкетану музейін де көрді. Саябақты қайта жаңғыртуды Alem Qurulus AQ серіктестігі қолға алған. Қайта жаңғырту жобасына түзету енгізіліп, мұндағы құрылыстар қатарына 300 орындық балалар лагері мен қысқы бақ қосылды.

Жоба аясында бірнеше нысан мен қоғамдық кеністіктер салу көзделген. Атап айтқанда, аллея, субұрқақ, амфитеатр, спорт және би алаңдары, балалар ойын алаңдары, workout пен демалыс аймақтары қарастырылған. Сонымен қатар фудқорт, теннис үстелдері, айналымды дөңгелек аттракцион, тамақтану орындары, велосипед және жүгіру жолақтары салынады. Бұдан бөлек сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, сондай-ақ шахмат, баскетбол және футбол алаңдары жоспарланған.

Ботаникалық бақааумағындаабаттандыружұмыстарыжүргізілуде. Аббатандырылатын жалпы аумақ 2,41 гектар, бақ ішіне Оңтүстік Африка, Оңтүстік және Орталық Америка, Қытай, Жапония, Мадагаскарда өсетін жасыл желек отырғызылады.

Балалар лагерінің құрылысына 6,02 гектар жер бөлінген, бұл аумақта әкімшілік ғимарат, іс-шараларға арналған инвент-аймақ, 4 тұрғын корпус, конақүй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы, сахна, өзге де демалыс және техникалық нысандар салу жоспарланған.

гидравликалық жару сұйықтықтары, толық еритін көпірлік тығындар және химиялық трассерлер сияқты тиімді әрі экологиялық қауіпсіз шешімдерді ұсынады. Аталған технологиялар Қытайдың ірі мұнай кен орындарында кеңінен қолданылып, жоғары нәтиже көрсеткен.

Орталық Азия нарығында жұмыс істеу мақсатында 2021 жылы Қызылорда облысында компанияның еншілес кәсіпорны құрылды. Негізгі мақсаты – қытайлық озық технологияларды Қазақстанның геологиялық ерекшеліктеріне бейімдеп енгізу.

Сондай-ақ, компания Қазақстанда ұлттық мұнай-газ компанияларымен бірлесіп сервистік компания құруды, ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп зертхана ашуды және қазақстандық мамандарды Қытайдағы ғылыми орталықтар мен өндіріс орындарына жіберіп, технологиялардың іс жүзіндегі тиімділігімен таныстыруды ұсынды.

80 ОТБАСЫ ЖАҢА БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Қазыбек Иса, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Жаңақорған кентінде әлеуметтік жағынан осал топтарға арнап салынған 80 пәтерлік 40 тұрғын үйдің кілтін табыстау рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындарды қоныстойыммен құттықтап, осы жыл да өңір үшін жаңа бастамалар мен жарқын жоспарлар жүзеге асатын, береке мен бірлікті бекемдейтін кезең болатынын атап өтті.

– «Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен барлық салада серпінді жоспарлар қолға алынды. Аймағымызда қалыптасқан қолайлы инвестициялық климат ірі инвестициялық жобаларға жол ашты.

Жаңақорған ауданында 2023-2024 жылдары 174 пәтерлік 87 тұрғын үй жерлестерімізге берілді, 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» шәкірттерін қабылдады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында өңірде бой көтерген 10 мектептің екеуі Жаңақорған ауданына тиесілі.

«Ауылдаденсаулықсақтаудыжаңғырту» ұлттық жобасы аясында Жаманбай батыр, Қырқеңсе ауылдық округтерінде дәрігерлік амбулатория, Төменарық ауылында амбулаториясы бар 15 орындық аурухана, аудандық көпбейінді аурухана жанынан қосымша ғимарат салынды.

2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар 5 мыңнан астам жаңа пәтерге қоныстанды. Кейінгі үш жылда, атап айтқанда 2023 жылы 430, 2024 жылы 1015, 2025 жылы 332, жалпы саны 1777 пәтер алғаш рет барлық аудандағы жерлестерімізге табыс етілді.

Қараша айында автоматты газ тарату станциясын салтанатты түрде іске қосқан болатынбыз. Қазір станцияның қуаттылығы 2 есеге дейін ұлғайтылды. Өткен жылы 40 көше, оның ішінде аудан орталығының негізгі Хорасан ата көшесі күрделі жөндеуден өтті. Жақында ғана Екпінді ауылында 100 орындық клуб ашылды.

Бүгін, міне жаңақорғандықтарды баспаналы бо-



лу қуанышымен құттықтау үшін жиналдық, аудан орталығынан 1 млрд. 500 млн. теңгеге салынған 80 пәтерлік 40 тұрғын үйді иелеріне табыстаймыз! Мемлекет қолдауымен жақсылыққа көнелген баршаңызға қоныс құтты болсын!», – деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен тұрғын үйді сапалы етіп салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

ЖАҢА ПАРЛАМЕНТ АТЫ -

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:
Бүгін мен Ұлттық құрылтайдың қызметіне белсене атсалысып, реформалардың табысты жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттау туралы шешім қабылдап, тиісті Жарлыққа қол қойдым.

Елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін наградталсын:

І ДӨРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН



Имандосов Самұрат Жұманұлы – еңбек ардагері

«ПАРАСАТ» ОРДЕНІМЕН



Аңсат Сәби Әбдіқадырұлы – еңбек ардагері



Әбенев Мұрат Абдуламитұлы – Парламент Мәжілісінің депутаты



Көшербаев Айтбай Көшербайұлы – еңбек ардагері



Құттықожаев Ибадулла Дүйсенбайұлы – Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты



Тілеуімбетов Мұрат Жолкелдіұлы – Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

ЖАҢА ТЕАТР, ЗАМАНАУИ КІТАПХАНА САЛЫНАДЫ

Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарының бірі – мәдениет пен өнер. Себебі қоғамның санасы жаңғырмаса, реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Бұл – ақиқат. Сондықтан біз руханият мәселелеріне айрықша мән береміз. Бұл салада бұрын-соңды болмаған ауқымды шаруалар қолға алынады. Атап айтқанда, Алматы облысында қазақ драма театры, Абай, Ақтөбе облыстарында театрлар бой көтереді. Шымкентте де Опера және балет театрының құрылысы басталмақ. Биыл Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ашылғанына 100 жыл толды. Осыған орай, театр ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысы аяқталмақ. Наталья Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры да жаңғыртылады. Бұдан бөлек, екі жылдың ішінде елімізде 100-ден астам мәдениет ошағы жөнделеді.

Қызылордада жаңа драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда мен облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс быылдан бастап жүргізіледі.

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:
Музей ісін дамыту – маңызды міндеттің бірі. Осы ретте, Қызылордада ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейін ерекше атап өткім келеді. Мен күзде қалаға жұмыс сапарымен келгенде мұражайды аралап көрдім. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибені басқа облыстарға үлгі етуге болады.

“ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ – АДАМ ҰРЛАУ”

Шымкентте Нұрай есімді бойжеткеннің кісі қолынан қаза болуы бүкіл елді дүрліктірді. Ұлттық құрылтайға осы оқиға бойынша 130-дан астам өтініш келіп түсті. Күдіктінің Нұрайды аңдып, маза бермей, қокан-лоқы көрсеткені анықталып отыр. Ақыры, мұның арты адам өліміне әкеп соқтырды. Осыған байланысты Ішкі істер министріне Шымкент қалалық департаментінің әрекетіне құқықтық баға беруді тапсырдым. Бас прокурор да бұл мәселені мұқият тексерді. Қыз алып қашу – адам ұрлау деген сөз, бұл – ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел, жабайы қылмыс. Ондай қатігездікке ешқашан жол беруге болмайды.

Жыл өткен сайын халықтың сана-сезімі өсіп, қоғамда азаматтық жауапкершілік деңгейі артып келеді. Заңнамалық өзгерістер де соған сай болуы өте маңызды. Заң мен тәртіп – бәріне ортақ. Еліміздің әрбір азаматы заң талаптарын бұлжытпай орындауға тиіс.

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:
Қазақстан Әділеттің, Заң мен тәртіптің мекені, еңбекқор адамдардың елі болуға тиіс. Заң үстемдігі мен жасампаз еңбек жоғары тұрмыстық мәдениет идеологиясымен астасып жатуы керек. Осы қағидаттар көптеген елде табысты әрі берекелі өмір сүрудің формуласы саналады. Осындай басты құндылықтар мен өмірлік ұстанымдар әр адамның бойына отбасынан, мектеп бабырғасынан дариды. Сондықтан біз іргелі институттарды күшейтуге баса назар аударуымыз керек.

“ҚЫЗЫЛОРДА – АҚТӨБЕ” 4 ЖОЛАҚТЫ ЖОЛЫ БАСТАЛАДЫ

Жақында Қызылорда – Жезқазған жолының Қызылордаға тиесілі бөлігі салынып бітті. Жыл соңына дейін Ұлытау облысындағы бөлігінде көлік қозғалысы толық ашылады. Жолдың жалпы ұзындығы – шамамен 400 шақырым.

Ең бастысы, биыл елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды инфрақұрылымдық жобалар басталады. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» – Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда, оның Қызылорда – Ақтөбе арасындағы бөлігі – тар, көлік апаттары жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды кеңейту туралы тапсырма бердім. Биыл осы бағытта 4 жолақты жаңа күре жолдың құрылысы басталады.

Қазіргі жолдың көбі облыстардың ішкі жолы болып қала береді. Сондай-ақ мен былтырғы Жолдауымда «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысын тездетуді тапсырғанымды білесіздер. Ондағы жұмыстар да биыл басталмақ. Жоба жүзеге асқан соң «Орта дәліздің» қашықтығы 900 шақырымға қысқарады, яғни Ақтау, Құрық порттарына тура жол ашылады. Қарағанды – Жезқазған бағытындағы жол талай жылдан бері тозып тұр. Биыл ескі жолдың қапталына екі жолақты жаңа жол салуға кірісеміз. Кейін ескі жолды да жаңғыртып, төрт жолақ ету жоспарлануда. Бұдан бөлек, Сарыағаш маңындағы көлік қозғалысы да өте тығыз. Сондықтан осы жылы «Сарыағаш айналма жолының» құрылысы қолға алынады. Барлық жұмыстың сапалы әрі уақтылы орындалуын тікелей бақылауда ұстайтын боламын. Себебі бұл жобалар Қазақстанның халықаралық көлік-логистика орталығы ретіндегі әлеуетін мейлінше нығайта түседі.

ҚАРАТАУ ПЕТРОГЛИФТЕРІ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САН ҒАСЫРЛЫҚ ЖЫЛНАМАСЫ

Ұлы даланың әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылнамасынан сыр шертеді. Соның бірі – қойнауы қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мың жылдық тарихы бар таңбалы тастар төл өркениетіміздің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. Ғалымдарымыз Қызылорда жеріндегі Сауыскандық пен Түркістан облысындағы Арпаөзеннен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын. Құзырлы министрлікке осы мәселелерге қатысты жұмысты қолға алуды тапсырамын.

Сондай-ақ Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек.

Әл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың өсиеттерін олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан Әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізіп тұруымыз қажет. Бұл басқаға емес, ең алдымен, өзіміз үшін керек. Олардың мұралары – біздің рухани-философиялық болмысымыздың тірегі. Еліміздің гуманитарлық институттары ұлы ойшылдарымыздың ілімін жүйелі түрде насихаттағаны жөн.

Отаншылдық дегеніміз – әрине, Отанға деген сүйіспеншілік деген сөз. Алайда, Отан алдындағы жауапкершілігіңді сезініп, перзенттік парызыңды етуге талпынбасаң, «отаншылмын, патриотпын» деген сөзіңнің құны көк тиын болмақ.

Қазір қоғамда «Қазақстанның мемлекеттік Туын қайда және қашан қолданған жөн?» деген маңызды мәселе талқыланyp

жатыр. Бұл мәселе арнайы нормалармен және ережелермен реттеледі. Мемлекеттік рәміздерді пайдалануға жеңіл-желпі, салғырт қарауға болмайды. Заң талабы әрдайым орындалуға тиіс. Дегенмен, ең алдымен, заңның түпкі мәнін терең түсіну керек. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеп, оларды жөнімен пайдаланатын отаншыл азаматтарды барынша қолдау қажет. Мен үйлерде, көліктерде, көшелерде, сондай-ақ еліміздегі, әсіресе, шетелдегі спорттық және іс-шараларда көк Туымыз желбіреп тұрғанда қуанып қаламын. Сол арқылы еліміздің азаматтары бірлігі бекем ұлт екенімізді көрсетеді. Олардың әрекеттерінен туған елін мақтан тұтатыны байқалып тұрады.

Қазақстанның аспанмен астасқан көк туын бүкіл әлем біледі. Еліміздің спортшылары жарқын жеңісімен, ғалымдары іргелі еңбегімен, өнерпаздары тамаша

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:
Бес жыл бұрын менің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалам жарық көрді. Онда қазіргі заманғы ғылыми тәсілдер негізінде төл тарихымызға арналған жаңа академиялық еңбек жазу туралы тапсырма бердім. Осы ауқымды әрі іргелі зерттеу жұмысы жыл соңына қарай аяқталады. Қазақстанның академиялық тарихының көлемді жетпіс томдығы жарыққа шығады. Бұл еңбек мемлекеттімізді нығайтуға және ұлтымыздың біртұтас тарихи сана-сезімін қалыптастыруға қосқан қомақты үлесіміз болмақ. Осы маңызды ғылыми жинақ Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығына орай шыққалы отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Біз бұл тарихи белесті дәл осындай нақты істермен атап өтуіміз керек. Өткенді ұмытпай, болашаққа сеніммен қарасақ, еліміздің дәйекті дамуына жол ашылады. Сондай-ақ ұрпақтың отаншылдық сезімі ел игілігі жолындағы нақты іспен ұштасады.

дарынымен Отанымызды жер жүзіне танытып жүр. Әр азаматымыздың жетістігі – Қазақстанның жетістігі, әр өреніміздің абыройы – барша қазақтың беделі. Біз туған жерге жанашырлығын, туған елге адалдығын нақты іспен көрсететін нағыз патриот азаматтарды қолдауымыз қажет.

Жасампаз отаншылдықтың негізгі қағидаттары өмірдің өзінен алынған деуге болады. Мысалы, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына, волонтерлік қозғалыстарға, қайырымдылық шараларға әлеуметтік кәсіпкерлікке және ел игілігіне арналған басқа да жұмыстарға белсене қатысу – жауапкершілікке негізделген жасампаз отаншылдық көрінісі. Бұл жайында бүгін депутат Сабильянов өте жақсы айтты.

«Таза Қазақстан» – ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналды. Тазалық халқымыздың адал ниеті мен таза пейілінен басталады. Бұл – ең алдымен көшелерді, үйлерді таза, ұқыпты ұстау деген сөз. Таза Қазақстан – әдемі ұран да, науқан да емес, бұл – күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі. Тазалық тәртіпті күшейтеді, ал тәртіп жауапкершілікті арттырады. Осы маңызды тұжырымды ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Біз сонда ғана нағыз өркениетті және ілгері қадам басушы озық ел боламыз.

Қазақстанның патриоты болу – азаматтық жауапкершілікті терең түсіну деген сөз. Ұлт мүддесін желеу етіп бос айқаға басатын, одан қалды, азаматтарымыздың Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілігін саяси ұпай жинауға пайдаланғысы келетін теріс пингүлді адамдардың бізге қажеті жоқ. Барлық салада, соның ішінде заңғарларда, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтау ұйымдарында, мектептерде, университеттер мен ғылыми зертханаларда, мемлекеттік мекемелерде, жеке компанияларда жұмыс істеп жүрген адамдардың білікті әрі табанды еңбегін, әскери борышын өтеп жүрген және қоғамды тәртіпті қамтамасыз ететін азаматтарымыздың Отанға адалдығын жауапкершілікке негізделген жасампаз отаншылдық деуге болады.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ СӘН ҚУЫП, ҰРАНДАТУ ЕМЕС

Цифрландыру және жасанды интеллект жылын сән қуып, ұрандату үшін жариялаған жоқпыз. Бұл шешім бүкіл мемлекеттік аппаратқа нақты міндет жүктеп отыр. Бұл – стратегиялық міндет. Сондықтан мемлекет үшін айрықша маңызды осы міндетті орындауға қатысты талап та өте жоғары болмақ. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесі нақты әрі көзге көрінетін көрсеткіштермен өлшенуге тиіс. Атап айтқанда, шешім қабылдау мерзімін қысқартуға, еңбек өнімділігін арттыруға және қызмет сапасын жақсартуға оң ықпал етуі керек.

Дегенмен, басқару ісінде белең алған берекесіздікті озық технологиялар өз бетімен жойып жібере алмайды. Мұны жете түсінген абзал. Жұмыс әуел бастан

дұрыс жолға қойылмаса, бірін-бірі қайталайтын міндеттер көбейіп, қағазбастылық шаруаға кедергі келтіре берсе, жасанды интеллектің енгізу арқылы бәрін әп-сәтте жөнге келтіремін деу – бос әурешілік. Сондықтан цифрлық өзгерістер стратегиясын жүзеге асыру үшін алдымен басқару жүйесін реттеп алу қажет. Осыған орай, шұғыл міндет туындап отыр: мемлекеттік сектордағы жұмысты ұйымдастыру мәдениетін жақсартып, оған басқару саласындағы озық тәжірибелер мен құзыреттерді енгізу керек. Цифрлық шешімдердің және жасанды интеллект технологиясының көмегімен барлық саладағы мемлекеттік басқару ісінің сапасын арттыруға мол мүмкіндік бар. Соны дұрыс пайдаланған жөн.

ЖАН БАСЫНА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ОСАЛ

Соңғы кезде маған жекеменшік мектептерді қаржыландыру тәсіліне қатысты шағымдар жиі келіп түсетін болды. Жуырда «Тürkistan» газетіне берген сұхбатымда мен бұған қатысты өз ұстанымымды айттым. Білім саласын мемлекет тарапынан қаржыландырудың қазіргі тәртібі бұрмаланған. Бұл олқылықты уақыт оздырмай түзету қажет. Жекеменшік мектептерге жүргізілген аудит нәтижесінде заңсыз және негізсіз шығындарға байланысты құқық бұзушылықтар анықталды. Бұл түйткіл жан басына сәйкес қаржыландыру жүйесінің осалдығынан туындап отыр.

Үкіметке білім беру саласындағы мемлекеттік қаржыландыру жүйесін шұғыл түрде реформалау жүктелді. Қаржыландырудың нақты критерийлерін әзірлеу керек. Осы орайда, орта білім беру жүйесін дамыту ісінде бизнес саласы маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн.

ЖАЛҒАН ДЕРЕКТЕР ҰСЫНЫЛҒАН, ӨТІРІК МӘЛІМЕТТЕР ЕНГІЗІЛГЕН

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмысын жан-жақты тексеру барысында көптеген заң бұзушылықтар мен қызмет бабын асыра пайдалану жайттары анықталды. Мемлекеттен қыруар қаржы жымқыру үшін көпе-көрнеу жалған деректер ұсынылған, өтірік мәліметтер енгізілген.

Бүкіл ел экономикамызды өркендетіп, инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін жұмылдырып, денсаулық сақтау саласын дамытуға қаржысын жұмсап жатса, әлеуметтік салаға бөлінген орасан зор қаражат талан-таражға түсуде. Медицина саласын дамытуға мемлекет 2024-2025 жылдардың өзінде 7,8 триллион теңге бөлілді емес пе?! Түсінікті болуы үшін айтайын, бұл – 15,5 миллиард доллар деген сөз.

Мемлекеттің білім беру және денсаулық сақтау саласына жұмсап жатқан қаржысы,

ең алдымен, азаматтарымыздың тұрмыс сапасын арттыруға арналатынын және Әділетті Қазақстанды құру стратегиясымен ұштасып жатқанын түсінген абзал.

Құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлықтың қитұрқы амал-айласын тауып, пайдаға кенеліп жатқандарды анықтау тапсырылды. Мен Үкіметтің Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын Қаржы министрлігіне беру туралы шешімін қолдаймын. Әлеуметтік сала басшыларының біліксіздігі мен мемлекет мүддесіне немқұрайлы қарауының салдарынан Қорда осындай жағдай орын алып отыр. Бұл жағдайда патриотизм туралы сөз қозғаудың өзі артқы. Сондықтан шенеуніктер адал болуға тиіс деген талап жалпы мемлекеттік ауқымдағы өзекті міндет болып қала береді.

ҚҰРЫЛТАЙ

АЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ОРТАҚ МӘМІЛЕ БАР

Конституциялық реформа туралы қызу талқылаулар жарты жылға жуық уақыт бойы жүріп жатыр. Бір палаталы Парламентке көшу туралы бастаманы халық қолдап отыр десек, ешқандай қате болмас. Қоғамдық пікірді білу үшін тұрақты түрде жүргізілген сауалнамалар және жұмыс тобының қортындысы да осы пайымға келіп тоғысады. Депутаттар мен партия фракцияларының жетекшілері жақында аймақтарды аралап, сайлаушылармен кездесіп қайтты. Олар халықтың осы бастамадан хабардар екенін және реформаны қолдап отырғанын айтуда. Бұл жерде қандай да бір пікір қайшылығы жоқ.

Жалпы бағыт-бағдарымыз – айқын. Алдағы өзгерістерге қатысты ортақ мәміле бар. Жұмыс тобы барлығын жан-жақты сараптай отырып, нақты пайымдары мен ұсыныстарын ортаға салды. Негізгі пікірталас «Жаңа Парламент қандай болады, неше депутаттан тұрады? Құрылымы қандай болады және қалай жұмыс істейді?» деген сауалдар жөнінде өрбіді. Бұл терең зерделеп, жан-жақты сараптап, өлшеп, байыппен түпкілікті шешім қабылдайтын аса маңызды, тіпті, шешуші мәселе болды дер едім.

Қазір мен Ұлттық құрылтайдың төрінен сіздерге Жұмыс тобында талқылانған негізгі ұсыныстарды таныстырғым келеді. Ең алдымен, болашақ Парламенттің атауы бойынша пікірімді айтсам. Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін. Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Құрылтай отырыстарын жаңғырту бастамасын мен өзім 2022 жылы көтердім. Бұл баяндаманың басында Құрылтай жұмысының тиімділігі мен пайдасына ден қойдым. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек деп ұйлаймын.

Ал депутаттар санына келсек, бұл мәселе де қызу пікірталас туғызды. Ең көп пікір қайшылығы осы мәселеге қатысты болды. Бірінші тарап еліміздегі халық санына қарай пропорционалды уәкілдік идеясын ұсынды. Екінші тарап депутат санын 500-ге дейін арттыру қажет деді. Біздің негізгі мақсатымыз – шын мәнінде тиімді әрі кәсіби Парламент құру. Жаңа заң шығарушы орган елдегі ауқымды өзгерістерге

заңнамалық тұрғыда барынша қолдау көрсетуге тиіс. Әлемдегі озықтәжірибелерге қарасақ, бұл үшін депутат санын көбейтудің еш қажеті жоқ. Сондықтан, мәселе – санда емес, сапада! Ең бастысы, Парламентте нағыз отаншыл азаматтар – білікті мамандар отыруға тиіс!

Жұмыс тобы азаматтардың ұсыныстарын мұқият зерделеп, қызу талқылады. Ақыр соңында Парламенттің мандат саны 145 болуы керек деген байламға келді. Жаңа Парламентте Төрағаның үш орынбасары болуы мүмкін. Ал комитет саны 8-ден аспауы керек.

Ұсыныстардың екінші бөлігі Парламенттің негізгі мемлекеттік органдардың құрамын жасақтау ісіндегі құзыреті туралы болды. Қазіргі Конституцияға сәйкес Конституциялық соттың, Жоғары аудиторлық палатаның және Орталық сайлау комиссиясының құрамын жасақтау құзыреті Мәжіліс, Сенат және Президент арасында теңдей бөлінген. Енді осы маңызды мемлекеттік құрылымдардың барлық мүшесі Парламенттің келісімімен ғана тағайындалуы қажет деген ұсыныс айтылды. Бұған қоса, Президенттің ұсынысы бойынша Жоғарғы соттың барлық судьяларын сайлау құзыретін жоғары өкілді орган депутаттарына беру ұсынылды. Бұл – билік тармақтары арасындағы тежемелік тепе-теңдік жүйесін нығайту және ұлттық парламентаризмді дамыту жолындағы маңызды қадам.

Ұсыныстардың үшінші бөлігі жаңа Парламентті жасақтау тәртібі туралы болды. Депутаттар енді пропорционалды жүйе қағидатымен сайланады. Мұндай тәсіл саяси партиялардың институционалдық рөлін күшейтеді. Сондай-ақ олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады. Кейбір партиялар Парламентпен қатар барлық деңгейдегі мәслихаттарды пропорционалды жүйемен жасақ-тауды ұсынғанын білемін. Бірақ аймақтарда мажори-тарлық жүйені сақтап қалу керек деп ұйлаймын. Еліміздің өңірлерінде жергілікті азаматтардың дауыстары, пікірлері жақсы естілуі қажет. Бұл – мен үшін айқын ұстаным.

Талқылау кезінде маған Парламенттегі Президент квотасын қалдыру керек деген ұсыныс айтылды. Бірақ мен жаңа Парламент ешкімнің қамқорлығына,

қадағалауына мұқтаж емес екеніне сенімдімін. Депутаттардың ішінде арнайы тағайындалған «таңдаулы тұлғалар» болмауы керек. Олар бәріне бірдей, ортақ тәртіппен сайлануға тиіс. Соған сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасы да алынып тасталады. Осы ұстаныммен жастарға, әйел-дер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған квотаны қоса алып тастауды ұсынғандар болды. Бірақ бұл мүлде басқа мәселе. Бұл квота – әлеуметтік әділдік қағидатының айқын көрінісі, сондай-ақ еліміздегі барлық қоғамдық-саяси өкілдерді ескеретін маңызды талап. Сол себепті, осы квоталарды өзгеріссіз сақтап қалуды ұсынамын.

Бұған қоса, партиялардың Парламентке өту межесін қазіргі бес пайыздан жеті пайызға қайтару қажет деген пікір айтылды. Бұл ереже кезінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бастамасымен қабылданған болатын. Бес жыл бұрын енгізілген осындай өзгерістер сайлау заңнамасын жақсартуға едәуір септігін тигізді. Межені төмендету арқылы Парламенттегі ірі саяси күштердің үстемдігін азайтып, партиялар арасындағы бәсекені күшейтуді мақсат тұтқан едік. Бүгінгі таңда осы норманың тиімділігіне көзіміз жетті. Ел тарихында алғаш рет Мәжіліске алты партияның өтуі – соның айқын дәлелі. Сондықтан мен бес пайыздық межені қалдырған жөн деп санаймын.

Ұсыныстардың төртінші бөлігі заң шығарушы органның жұмыс тәртібі мен рәсімдеріне қатысты болды. Жаңа Парламентте депутаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз. Мемлекеттің институционалдық тұғырын нығайтып, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да – осы. Билік институттарының жаңа құрылымы баршаға бірдей мүмкіндік беретін әділетті қоғам құрудың мызғымас негізі болмақ.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕНБЕК СІНІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ» ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫ БЕРІЛСІН



Бақтиярұлы Мұрат – қоғам қайраткері

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН



Базартай Жандос Нұртайұлы – «Amanat» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы



Жәлімбетов Қайрат Тыныштық-ұлы – «Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ дирек-торы

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН



Сұлтанхан Мейірбек Бектұр-сынулы – «Хабар» телеарнасының редакторы, жүргізушісі

«ШАПАҒАТ» МЕДАЛІМЕН



Пак Елена Владимировна – «Ас-самблея жастары» РҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы;

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ
Астана, Ақорда, 2026 жылғы 17 қаңтар

Марапатталғандар арасынан тек қызылордалықтарды жарияладық.

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ — ЖАҢА ИНСТИТУТ

Реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа немесе биік мінбер қажет. Халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдар осы платформаға келіп тоғысуға тиіс. Бұл ретте, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи мән-маңызы зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын.

Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге, Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді.

Қазақстанның Халық Кеңесі мемлекетіміздің жоғары консульта-тивтік органы мәртебесіне ие болады. Кеңесті 126 адамнан жасақтап, оған этномәдени оралықтардың 42 өкілін, ірі қоғамдық бірлестіктердің 42 өкілін және мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің 42 өкілін қосу ұсынылды. Халық Кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды. Ал төрағасын оның мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуге тиіс. Бұл қадам оның мәртебесін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз. Жылына кемінде бір рет шақырылған сессия Халық Кеңесінің жоғары органы рөлін атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске беріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның негізгі міндетінің бірі болмақ. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конституцияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады.

Өлеңдік және дәстүрлі діндер көшбас-шылардың съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізу де Кеңестің құзыретіне кіреді. Халық Кеңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі.

КЕЗ-КЕЛГЕН БАСШЫ САЙЛАНУЫ КЕРЕК

Кәсіби заңгерлер Ата заңның мәтініне қатысты пікірлерін біл-дірді. Олар Конституциямыздың кейбір тұстарын нақтылай түсу қажеттігіне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысын сайлау мәселесі бойынша маңызды ұсыныс бар. Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмай-тындай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат төрағасына беріледі. Сенат тө-рағасының мемлекетті басқаруға мүмкіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәй-кес тиісті лауазым иелеріне өтеді. Бұл ретте, мәселенің бәрі «қалған мерзімге» деген сөзге келіп тіреледі, осы мәселені ерекше атап өткен жөн. Басқаша айтсақ, «қалған мерзім» 6 айға да, 6 жылға да созылуы мүмкін. Сондықтан Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет. Бұл қадам халықаралық озық тәжірибеге сай келеді.

Еліміздің кез келген басшысы билікке сайлау арқылы, яғни заңды

түрде келуі керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным. Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермейтін қағида болуға тиіс! Сонымен қатар Конституциямыздың мәтінінде жекелеген қателер бары анықталды. Кезінде терминологиялық, стильдік кемшіліктерге жол берілген. Конституциялық реформа аясында осы олқылықты да түзеуіміз керек. Бұл жұмысқа заңгерлермен қатар, білікті тіл мамандары шақырылады. Тағы бір маңызды мәселе. Біз Ата заңның Преамбуласын ұлттық құндылықтарымызды айшықтап, қанша заман өтсе де, өзекті болып қала беретіндей етіп қайта жазуымыз керек. Онда қазақ жеріндегі өркениет пен мемлекеттіліктің тарихы терең екені нақты көрініс табуға тиіс.

Сол арқылы біз Қазақстанның Ұлы даладағы ұлы мемлекеттердің мұрагері екенін паш етуіміз керек.

Бұдан бөлек, Конституциямызға «Біз бәріміз Әділетті Қазақстанды ең жоғары мақсат ретінде көздейміз және оған жетеміз» деген қағидатты енгізуіміз керек. Негізгі заңға, соның ішінде, Преамбуланың жаңа

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Ұлттық құрылтайдың бүгінгі қорытынды отырысында да осындай сәт туып тұр деп санаймын. Сол себепті жаңадан маңызды ұсыныс айтқым келеді. Мен ұсынатын жаңашылдықты біз бірнеше жыл бойы мұқият қалыптастырып келе жатқан саяси құрылымның үйлесімді түйіні деуге болады. Өңгіме Қазақстан Республикасының Вице-президент институтын құру, тиісінше оны Конституцияда бекіту туралы болып отыр. Вице-президентті Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімін ала отырып тағайындайды. Оның құзырет аясын Мемлекет басшысы өзі белгілейді.

Вице-президент Президенттің тапсырмасы бойынша:

–Халықаралықфорумдардажәнешет мемлекеттерделегацияларымен өткізілетін келіссөздерде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

– Парламентте Президенттің атынан өкілдік етеді;

– Еліміздің және шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен қарым-қатынас орнатады;

– Президенттің басқа да тапсырмаларын орындайды.

Вице-президенттің қызметтік міндеттеріне қатысты осы негізгі ережелерді де Конституция мәтінінде көрсеткен жөн болар еді.

Қазіргі Парламенттің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппараттық құрылымның бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылады. Президент Әкімшілігінің міндеттері мен құрылымы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес реформаланады. Сіздер Вице-президент лауазымы бірқатар мемлекетте бар екенін білетін шығарсыздар. Біздің жағдайымызда бұл лауазымды енгізу мемлекетті басқару процесін тұрақтандырады. Сондай-ақ билік иерархиясын біржолата айқындап береді. Осы конституциялық жаңашылдық Президент билігі институтының өзі әлсірейді дегенді білдірмейтінін атап өткім келеді. Керісінше, Президент лауазымы мемлекеттік жүйедегі басты лауазым болып қала береді. Қазақстанның Президенттік республика ретінде табысты дами беретініне сенімдімін. Өзінің тиімділігін көрсеткен осы саяси жүйеден бас тартуға болмайды. Халықаралық тәжірибе дәл осы таңдаудың дұрыс екенін айқын көрсетіп отыр. Мен ұсынған мемлекеттік билік реформалары, атап айтқанда, бір палаталы Парламент – Құрылтайға көшу, Халық Кеңесін құру, Вице-президент лауазымын енгізу еліміздің дамуына зор серпін береді, оның әлеуетін арттыра түседі деп сенемін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінен

Кітапхана



ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

НАЗАРБАЕВ БИЛІКТЕН НЕГЕ КЕТТІ?

Өйткенмен, біз Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл күнге бұдан да бұрыннан саналы түрде дайындалып келгенін жоққа шығара алмаймыз. Мұның жайын сарапшы Талғат Мамырайымов 2013 жылы 3 ақпанда «Фергана. ру» сайтынан көрінген «Қазақстан: Назарбаев фундамент для смены власти» деген талдау мақаласында тарқатып жазды. Ол Елбасының билік ауысуының негізін 2011 жылы желтоқсанда елді түгел елендеткен Жаңаөзен оқиғасынан кейін ойластыра бастағанын сөз етеді. Президентке дәл мұндай метаморфозаның 2012 жылы шындап желгеніне сенімді. Назарбаев сондықтан келесі 2013 жыл босадаған аттаған бойы негізгі мемлекеттік органдарда кең ауқымды кадрлық өзгерістер жасауды бастап кеткен. Негізінен, біздің ел үшін бұл бір жағынан оншалықты тұтқиыл нәрсе де емес еді. Қазақ қоғамы бұл кісінің ат төбеліндей азын-аулақ кадрларын шахматтың тастарындай онды-солды ауыстырып, жиі орын алмастырып тұратынына әлдеқашан үйреніп қалған. Бір кадрды, әсіресе, билікті тұлғаларды бір орында екі-үш жылдан артық ұстамай, басқа жакқа сырғытып жібере салу расында біздің елде қалыпты дағды болатын. Жұрт оның осы арқылы элиталық топтар арасында биліктің тепе-теңдігін сақтауға, оларды өз уысынан шығармай ұстап тұруға ұмылатынын да ұғып қалған.

Дегенмен осы жолғы кадрлық сапырылыстар бұрынғыларға карағанда, айтарлықтай өзгеше өң алды. Оның басты нысанасы мемлекеттің бүкіл саяси жүйесінде президенттік биліктің шексіз үстемдік құруын бұрынғы қалпына келтіруді көздеді. Бұған 2008 жылғы 13 қазаннан 2012 жылдың 21 қыркүйегіне дейін Президент әкімшілігін басқарған Аслан Мусиннің ең жақын серіктерін түрлі орталық және аймақтық қызметтерге орналастырып, бүкіл билік тетігін ақырындап өз қолына тартып ала бастағаны, соның аясында көптеген облыс әкімдері кінәздікті басқарып отырғандай сезініп, жоғары жақтан бейтараптау жағдайда тіршілік етіп жатқаны негізгі себеп болды. Мұндай көңіл күй ауаны сол кездегі билік элитасының басым бөлігіне тән еді. Онда Елбасының осы тұста эмиграцияда жүрген бұрынғы күйеу баласы Рахат Әлиевтің «Нұрсұлтан Назарбаев айыпқас дертке - қуық асты безінің ойбырна ұшырады» деген мазмұнда таратып жіберген қауесетінің үлесі де аз болған жоқ. Ал 2011 жылы сәуірде кезектен тыс президент сайлауы өтуі мен Президент кеңесшісі Ермұхамет Ертісбаевтың тақтан ендігі ықтимал мұрагер есебінде Тимур Құлыбаев есімін атап өтуі онсыз да лапылдап жанып жатқан отқа май құйғандай әсер етті.

Сөз орайы келгесін айта кетейік, осыдан кейін 2012 жылы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы болып тағайындалған Аслан Мусин 2014 жылш 15 қаңтарда бұл қызметінен де кетіп, 4 наурызда Хорватияға өкілетті және төтенше елші етіп жіберілді. Ал 2017 жылдың 4 қаңтарында зейнет жасына жетуіне байланысты бірден жұмыстан босатылды. Содан бері ол Хорватия елінде тұрып жатыр.

«Шамасы, осы бас көтеру билік басындағы кейбір шенді шенеуніктердің дем беруімен өткен сияқты. Осы арқылы бәсекелестері Тимур Құлыбаевты өңірдің мұнай өндіру саласына бақылау жасап отырған адам ретінде Президенттің ықтимал мұрагерлері қатарынан шығарып тастамақшы болған - деп атап өтеді Талғат Мамырайымов өз шолуында. - Жаңаөзендегі жанжал кезінде жергілікті элита Ақордаға қысым көрсетіп, мұнайдан түсетін табысты өздерімен бөлісуді талап етті. Сөйтіп, Жаңаөзен қырғыны шынында бірінші кезекте Назарбаевтан кейінгі кезеңнің жақындап қалғанын аңдатты. Елімізде соңғы екі жылда орын алған ланкестік қимылдарға да дәл осы көзқараспен қарауға болады. Айта кетерлігі, террорлық әрекеттердің басым бөлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасының көрсетуді көздеді. Демек, мұның астарында президенттің үміткер екінші тұлға ретінде Нұртай Әбіқаевты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметінен шеттету ниеті жатқан болуы әбден мүмкін».

Осылайша 2011 жылдан астыртын тұтанып кеткен элитаишілік күрес бірінші президенттен кейінгі кезеннің таяп келе жатқаны сөзіле түсуіне орай кейіпірек қарқында дами жөнелген. Билік манайындағылар бұл кезеннің ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір келмей қоймайтынын түсінген. Осы тұста оның жоғары эшалонында Президентті жаңа кезеңге дайындаудың алғышарттары жасала бастаған.

Жағдайдың бұлайша өрбу өрісіне Елбасы да іштей әзір болған. Мұны Назарбаев туралы түсіріліп жатқан көп сериялы «Штрихи к портрету» деген деректі фильмінің 2021 жылдың 1 шілдесінде көрермендерге жол тартқан «Откровение» деген бесінші бөлімінде бас кейіпкердің өзі де аңғартады. Онда 81 жастағы

қария елдің ішкі және сыртқы саясаты туралы айта келіп, көршілес мемлекеттер президенттерінің бәрімен жақсы қарым-қатынаста болғанын еске түсіріп, бұдан әрі өзінің бірнеше сайлауда жеткен жеңістері жайлы ой толғап, - омыртқасына жасатқан операциясы болмаса, - денсаулық жағынан әзірге еш кінарат жоқ екеніне қарамастан, енді президенттіктен өз еркімен отставкаға кеткелі тұрғанын баяндайды. Оның байламын мемлекет басшылары арасынан бірінші болып Ресей президенті Владимир Путин естіген екен.

«Мұндай нәрселерді жұрттың бәріне бірдей айта бермейсін. Мен де ешкімге ештене демедім. Тек сол күні танертен - қанша дегенмен, көршіміз ғой, - Путинге қоңырау шалдым. Ол үшін бұл естен тандырарлықтай оқиға болды. Бүгін кешке бәрі хабарланады, мен мұны сіздер өз аузымнан естісін деп шештім. Сонымен, бітті. Мұны басқа мемлекет лидерлерінің ешқайсысы білген жоқ. Оның үстіне, мен мұндай ұйғарымға бұдан әлдеқайда бұрын, 2015 жылы-ақ келіп қойғам. Менің 75 жылдығым өтті, сосын өзім үшін осы жетер деп шештім», - дейді Назарбаев.

Бұрынғы президент бұған сосын «адам жұрт сенімінің шынында тұрған шағында кетуі керек қой» дегенді қосып қойды. «Сондайда менің көз алдымда КСРО-ның геронтологиялық басшылығы тұрады, - дейді Нұрсұлтан Әбішұлы фильмде бұдан әрі. - Мен өз уақытында Брежневті, Андроповты, Черненкоы жерлеуге қатысқанмын. Бұл - бір мәселе. Екінші мәселе - адам мүмкіндігінің шегі бар». Алайда 2019 жылдың 20 наурызында 79 жасында доғарысқа кетуге бел бұған оның өзі, - жоғарыда бағалап өткеніндей, кіл «саудыраған сүйекті» сәмтіреген кеңес лидерлерін осылай ащы сынға алып отырғанына қарамастан, - бұл үш тұлғаның өтілдерін қосқаннан да асып түсетін

шейін айтылмаса да, сауалдың сүтіні түсінікті еді.

– Ұзақ уақыт қой, иә? - деп күлді Президент оның сөзін бөліп. Мұның бәрі сценарийде алдын-ала белгіленіп қойылса да керек.

– Жоқ, олай емес, тек адами тұрғыдан келгенде, жұрттың көбін сіздің осы жұмыстың ауыртпа-лығынан шаршаған-шаршамағаныңыз және биліктің сабақтастығы қалай болатыны жөніндегі мәселе-лер қызықтырады. Назарбаев бұл жаттанды сауалға Тұңғыш Президент, яғни өзі бекітіп берген страте-гиялық бағыттың мызғымас болып табылатыны және оның сақталып қалатыны жаңа Конституцияның 91-бабына арнайы енгізілгенін еске салып, жауап қайтарды. Бір атақты саясаткер «Мен қолымнан келгеннің бәрін жасадым, менен кейінгілер одан да асырып, жақсы жасауға тырыссын» деген екен кезінде. Бұл –тура жауап. Сондықтан қанша уақыт жұмыс істеу керек: ұзақ па, аз ба, - жасқа қатыстыны мен әлгінде айтып кеттім, - жасаң болуы керек пе немесе кәрі ме, дегеннің бәрі мағынасыз сұрақ, -деп сөзін жалғастырды Мемлекет басшысы. - Қарап тұрсаң, 30 жасында қарияға ұқсайтын, ал 80-інде керісінше 30-дағыдай көретін кісілер бар. Мұның бәрі адамның өзіне байланысты. Бар мәселе нақты мысалдағы адам - мемлекет басшысы, өзінің міндеттерін адал орындап жүр ме, халықтың түрмасын жылдан жылға біртіндеп жақсартып келе ме, жоқ па, - міне, осында. Былайша айтканда, кезінде Маргарет Тэтчер бұл сұраққа: «Мен Англия өзімді қанша қажет етеді, сонша жұмыс істейтін боламын. Сосын өзім шаршағанға дейін істеймін» деп жауап беріп еді. Тағы бір ұлы ағылшын Уинстон Черчилль: «Менің осында жүргенімнің өзі еш кездейсоқтық емес, бұл – заңдылық. Мен осы жұмыс үшін жаратылғанмын» деген болатын, - деп, өз

I-тарау ОҚИҒА ОЗАРЫНДА

жайынан да ишара жасап өтті Президент бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне.

– Әлбетте... Ауыр жұмыс, - деп мойындады ол келесі кезекте. - Үнемі қауырт қарбалас үстінде, үнемі киял мен ойға беріліп, осы мемлекет үшін тағы не істеу керектігі екенін жадыңнан шығармайсың. Бірақ мен кәзір өзімнің елге қажеттілігімді сезінемін бұл жұмыс: менің қолымнан келеді және жұмыс істеп те жүрмін. Тағы да естеріңізге сала кетейін, мен 2020 жылға дейін сайланған адаммын. Ойланып-толғануға әлі уақыт бар. Бәрі халық сеніміне байланысты – бұл бірінші. Екінші - жұмыс істеушінің күш-қуаты мен денсаулығы. Мен Президент жұмысы адамнан күшіп, тәжірибесін, қуаты мен өмірін 100 пайыз беруді талап етеді деп ойлаймын. Ал егер жағдайыңыз солай істеуге мүмкіндік бермесе, онда бұл жерде сіз атқаратын ештеңе қалған жоқ. Олай болса, бәрі де уақытқа байланысты.

Ресейлік Lenta.ru порталы Нұрсұлтан Назарбаевтың отставкаға кеткеннен кейін ТАСС агенттігінің тілшісіне берген сұхбатында оның бұл сәтке өзінше тыңғылықты әзірліпен келгенін баяндағанын жеткізеді. Онда экс-президент: «Мен бұл шешімді саналы түрде қабыл-дағанымды айтқанымда, пындықтан ешбір аулақ кет-пеймін. Бұл расында солай. Мұндай шешімге бір күнде, не бір айда келе алмайсың. Мен де осындай ұйғарымға келуге біраз жылдарымды жұмсадым. Егер құпияны ашар болсам, оған үш жылдан астам уақыт кетті», - дейді.

Назарбаев 2015 жылы 26 сәуір күні кезекті кезектен тыс президент сайлауы өтуіне бір жарым айдан аса уақыт қана қалғанда да оған қатысатыны, не қатыспайтыны әлі белгісіз адамның кейпін танытып еді. Өрине, бұл оның өзіне тән манипуляциясы екенін саясаттанушылар бірден білді. Мемлекет басшысы мұны 7 наурыз күні Ақордада Халықаралық әйелдер мерекесіне арналып өткен «Көктем шуағы» кездесуі барысында өзі бастап, оған өзі жауап береді. «Қазір сайлау науқаны басталып кетті. Кезектен тыс президент сайлауы туралы бастамамы да негізінен әйелдер қауымы қоллады. Мен құн сайын мындаған хат алып жатырмын. Бүгін ертенгісін де бір құшақ хат келді. Олардың барлығы сайлауды қолдап, менен өз кандидатураларды ұсынуды сұрап жатыр, - деді Нұрсұлтан Назарбаев. - Бірақ менің жеке жоспарым мүлдем басқа болатын, шынымы айтайын. Қазақстанды көп жыл басқарып келемін, тәуелсіздіктің алғашқы жылынан мемлекетті қалыптастырып құрдым. Алайда бүкілхалықтық тілектер, елдің ниеті, жұрттың қалауы бар, - оны да ескеріп тұру қажет. Сондықтан сіздермен алдағы жоспарым, қадамым жайында ақылдасуға болады ғой деп ойлаймын».

Ал осы әңгіменің түйінін «Азаттық» радиосы сәл басқаша мазмұнмен аяқтайды. Онда жоғарыдағы хабар жолдарының соны былай өріледі: «Бәлкім, театрда айтатындай декорацияны өзгертегін кез жеткен шығар. Сингапурдың негізін қалаушы Ли Куан Ю биліктен кеткенде, мен одан неге бұлай өткенін сұрағанмын. Ол сонда соңғы уақыттары теледидардан өзін ұдайы көрудің өзіне ұнамай жүргенін айтқан еді. Менде де басқа жоспарлар болған». Демек, Назарбаев бұл жерде де аудиторияның реакциясын аңдамақ болғанға ұқсайды.

Енді осының бәрін байыптап, ой таразысына салып көрсек, не дегенде де, Елбасының соңғы сәтке дейін бұл мәселе тұрасында шүбәлі, екіұдай, дүдәмәл ой да болып келгеніне көзіміз жете түседі. Өйткені, ол 75 жасқа толғаннан кейін бөріне қол сілтеп, кетіп қалатын сияқты болып көрінгенімен соңғы сұхбаттарында президенттік мерзімі аяқталғанша жұмыс істейтінін айта бастаған болатын.

Сондықтан «Назарбаев биліктен неге кетті?» деген сауалдың басы әлі күнге дейін ашық. Өйткенмен, бұған мынадай бірнеше фактордың әсер еткен болуы мүмкін. Біріншіден, Президенттің осы кезге дейін халыққа беріп келген мың сан уәдесінің басым бөлігі орындалған жоқ. Соның негізгісі - республика тұрғындарының әл-ауқаты жағдайы. Бұл жағынан Кувейттен де, Өмірліктен де асып түсудің орындалмайтын арман екеніне жұрттың да көзі жете бастады. Ал осы үшін шындап жауап берер мәзүріт жыл санап жақындай берген еді. Бұл жағдайда тұйықтан шығудың жалғыз жолы - биліктен кету. Екіншіден, қазіргі жастар арасында биліктің атқарып отырған қызметіне наразы оппозицияның жаңа тегеурінді толқыны өсіп жетіліп келе жатыр. Олар қатты қарқын алып шыққанда, орынтақты сақтап қалу былай тұрсын, билікті өзіне ыңғайлы келетін мұрагерге тапсырып кету де мүмкін болмай қалады. Үшіншіден, омыртқасына ота жасатқаннан өзге кеселі

22.1.2026 жыл

жоқ екенін айтып отырған Елбасының бұдан әрі жасармайтыны айдан анық-тын. Егер дертені сайлау өтетін жылға дейін ілібіп сүйреп апарса қазіргі кездері ойластырғанының бірде-бірі жүзеге аспай қалуы әбден кәдік. Соңғы, төртіншісі – ақиқатында оның өкімет басынан жоғалуын табандатып талап етіп жүрген елден тысқары күштердің болуы ғажап емес.

Саясаттанушы Бауыржан Серікбаев Qamshy.kz ақпарат агенттігінің тілшісіне берген сұхбатында «Елбасының биліктен кетуі бір күнде бола салды деп ойламаймын. 30 жыл мемлекетті басқарған тұңғыш президенттің биліктен кету процесі дайындықпен, жан-жақты ойластырылған қадамдармен іске асады. Билік бұл процестің 2016 жылдан басталғанын айтуда. Әбден мүмкін. Менің ойымша, Елбасының мұндай шешімге келуіне ең негізгі төрт нақты себеп әсер еткен» - деген байламды ортаға алады. Оның пайымынша, бұрынғы президенттің тақтан кетуіне мынадай жай-жағдаяттар түрткі болған. Біріншіден, 2016 жылы тұтас ел аумағында өршіп тұрған жер мәселесіне байланысты халықтың жаппай өре көтерілуі оны ойландырмай қоймады. Мұның соны қатты қарсылық қозғалысына ұласып кетуі әбден мүмкін еді. Екіншіден, 2016 жылы кенеттен қайтыс болған Әзбек лидері Ислам Қаримов отбасының қуғындала бастауы оған берілген дабыл іспеттес-ті. Үшіншіден соңғы 10 жылда әлемдегі ұзақ жылдар билікте отырған елдер басшыларының саяси төңкеріс жолымен бірінен соң бірі кетіп жатқаны да оны ойландырмай қоймады. Төртіншіден, ел халқының саяси санасы мен мәдениеті осыдан 15-20 жыл бұрынғы деңгейдегіден көп өзгерді, қоғам реформаны ашық талап етудің жағына шықты. Мұның арғы жағында жұрт мемлекет бақылауында тұрған бұқаралық ақпарат құралдарына сенуден

қалды. Осы тұста әлеуметтік желілердің дамып, кеңге таралуы өзара ақпарат алмасуды жеңілдетіп, әрбір азамат өз пікірін еркін айта алатын, елдің кез келген түспіріне ой-толғамын жеткізе білетін мүмкіндіктерге ие болды. Бұдан әрі жыл өткен сайын республикадағы барлық сәтсіздіктер мен кемшіліктерге Елбасының өзін айыптайтын бұқараның саны артып келе жатқаны сәт сайын сезіліп тұрды. Осыларды саралап шық-қан саясаттанушы соңында: «Қоғамда бұдан да өзге қордаланған әлеуметтік және экономикалық про-блемалары атап өтуге болады. Бірақ жоғарыда аталған ішкі және сыртқы факторлар Елбасының өз өкілеттігін уақытынан бұрын тоқтатып, билік транзитін бастауына себепкер әрі ықпал етуші негізгі факторлар болды деп есептеймін», - деген тоқтамға қазық байлайды.

Кейбір сарапшылар мәселенің түйінін мәжбүр етушілік мәзнінінен іздеу керек деген тұжырымынан тапжылмай отыр. Олардың ойларыныша, Елбасына бұл тарапта бас тартуға ырық бермейтіндей міндеттер жүктелген. Мәселен, Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи экс-президенттің Ақордадан өз қалауымен кете қоймағанын, бұған сыртқы мәселелердің әсер еткенін ашық айтып жүр. Дипломат Қазбек Бейсебаев та осындай берік пікірде. Ол «Ешкім биліктен өз еркімен кетпейді. Кетсе, бір себебі болғаны. Не денсаулығы сыр береді, не бір оқыс жағдай түрткі болады. Анығы, Назарбаевты әлденелер биліктен кетуге мәжбүр еткен», - дейді ол «Дат» газетіне берген сұхбатында.

Дипломаттың қорытындысы бойынша, Назар-баев билігінің мерзімін барынша узартқысы келіп, алпауыт елдермен жақсы қарым-қатынаста болуға ерте күш салған. Соның ыңғайынан Қытайға «Ақтобемұнайгазды» берген, Ресеймен Еуразиялық экономикалық одақ құруға да сол сеп. Бірақ шексіз, мәңгі билік жүргізуге АҚШ қарсы шықты. Америкалық елші «Сайлаусыз билікте отыру - демократия принци-птеріне қайшы» екенін ашық айтып. Елбасы сосын 2012 жылдан бастап Батыстың көңілін тауып, Ақ үйге апаратын жол іздеуге мәжбүр болған. Сол себептен Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Тони Блэрді өзіне кеңесші етіп алған. Сол үшін оған қыруар ақша төледі. 2015 жылы Элизавета ханшайымға арнайы барды, 2018 жылы қаңтар айында АҚШ-қа сапар шегіп, ел президенті Дональд Трамппен кездесті.

Қазбек Бейсебаев бұдан әрі Назарбаевтың АҚШ президентімен құпия келісімшарт жасасуына Ресей президенті Владимир Путиннің қатты ашы бірдіргенін баяндайды. Сол 2018 жылы РФ сыртқы істер министрі Сергей Лавров елорда төріне келіп, АҚШ-тың Каспий теңізі арқылы әскери жүктерді тасымалдауына үзділ-кесілді қарсылық білдіреді. Осы жылы мамыр айында Сочиде Еуразиялық экономикалық одақтың отырысы болып өтті. Басқосуға Нұрсұлтан Назарбаев бір күн ерте барып, РФ басшысымен оңаша кездеседі. Алайда осыдан кейін екі ел президенттерінің арасы қатты суып кетеді.

Сол жылдың жазында Ресейде футболдан әлем чемпионаты өткен кезде Путин әлемнің біраз елдерінің, соның ішінде Өзбекстан мен Қырғызстанның басшы-ларын қабылдайды. Алайда олардың сапында Назар-баев болмайды. Бірінші матчтан кейін Елбасы Татар-станға барып, Минтемир Шаймиевпен жолығады. Шамасы, РФ президенті сол жолы татар автономия-сының лидері арқылы Назарбаевқа «кет» дегенді желкелеп жеткізген сияқты.

Ресей тарапынан мұндай табанды қарат, қатаң қысым орын алғанын қазақстандық саяси сарапшы-лардың да біразы қуаттап отыр. Мысалы, Виктор Ковтуновский 2022 жылдың 27 қаңтарында «Азаттық» радиосына берген сұхбатында осы ұғымын қайта-қайта әр қырынан көлбөңдетеді. «Назарбаев 2019 жылы президенттіктен транзит үшін кеткен жоқ деп ойлаймын, - дейді сарапшы, - Ол Путиннің қысымынан соң кетті. Мінше, Кремль Назарбаев аяқ астынан дүние салса, біздің «майдан» басталып, құбылмалы кезеңде билікке Мәскеуге ұнамайтын адам келеді деп қауіптенген сияқты. Сол себепті Назарбаевты билік транзитін бастап кетуге мәжбүр етті. Ол қауіпсіз құрылым құрып, биліктің бірнеше функциясын иемденіп, президенттіктен кетті. Бірақ бұл да Кремльдің көңілінен шыққан жоқ. Мәскеу әрмен қарай қыспаққа ала берді». Сосын бұдан әрі: «Мәскеудің қазіргі Украина сияқты өз қалауынша дербес саясат жүргізетін мемлекеттің пайда болуына жол беріп қоймайтынын түсіну керек. Мәскеу үшін бұл стратегиялық жағынан үлкен жеңіліс болар еді, сондықтан олар халық толқуынан қатты қауіптенді»,- деген топшыламаға бой ұрады.

Мұның ақиықтың, әлбетте, әуелі Ала, сосын осы екі кісінің өздері ғана біледі. Бірақ «жеке құрмаса, шөптің басы қимылдамайтынын» да ұмытпауымыз керек. Қандай да бір әңгіме тектен-тек, өзінен өзі тұтанып шықпайды. Тіпті «самаурының суы ағып кетуінен Самарқанды су алып кетуіне» дейін барып жалғастатындай болса да, кез келген қауесет пен өсектің де өз көрегі мен өзегі бар екені анық.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

БИЫЛ ОРАЗА ҚАЙ КЕЗДЕ?

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бекіткен діни күндер кестесіне сәйкес 2026 жылы ораза 19 ақпанда басталып, 20 наурыз күні Ораза айтпен аяқталады.

Қысқы айға сәйкес келген Рамазан айы соңғы рет 2002 жылы болған. Бұл жылы мұсылмандар 5 қараша мен 5 желтоқсан аралығында ораза тұтқан. Араға 23 жыл салып, Рамазан айы қайтадан григориан күнтізбесі бойынша қысқы айға сәйкес келеді.

Рамазанға дайындық айы болып есептелетін Шағбан айы 20 қаңтарда басталады. Шағбан – мұсылмандардың қасиетті үш айының бірі. Шағбан айында сауаптар еселеніп қана қоймай, күнәлардың кешірілуі мен дұғатілектердің қабыл болу мүмкіндігі молая түседі. Себебі шағбан айындағы елеулі де ерекше сәттердің бірі – Бәраат түні. Яғни қасиетті шағбан айының 15-і, яғни ақпанның 2-сінен 3-не қараған түн – Бәраат түні. Бұл түн – періштелер жер бетіне түсетін, дұғалар қабыл болатын, кері қайтарылмайтын берекелі түн дейді Діни басқарма.

ЛАС НӨМІР АЙЫБЫ ҚАНША?

Биылғы жыл басынан бастап көлік жүргізуге талап күшейді. Тіпті көлік нөміріне қатысты да айыппұлдар өсіп отыр. Лас мемлекеттік нөмір үшін 21 мың теңгеден астам айыппұл салынады.

Қазақстанда мемлекеттік тіркеу нөмірі лас, оқылмайтын немесе талапқа сай орнатылмаған автокөлік жүргізушілеріне айыппұл салынады. Кей жағдайда жаза жүргізуші куәлігінен айыруға дейін баруы мүмкін.

Мемлекеттік нөмір – көліктің міндетті сәйкестендіру белгісі және ол әрдайым анық көрініп, оқылуға тиіс.

Мемлекеттік нөмір стандартқа сай орнатылып, таза әрі анық көрінуі керек. Жүргізуші оның жай-күйін қадағалап, ластанған жағдайда міндетті түрде тазалауға тиіс.

Нөмірді оқуға кедергі келтіретін рамкалар, пленкалар, перделер, сондай-ақ түрлі көлікке жапсырмалар қолдану, нөмірсіз, немесе жалған нөмірмен жүру, тіркеу нөмірі лас, оқылмайтын болса да заң бұзушылық болып саналады.

Нақтырақ айтқанда, оқылмайтын, немесе дұрыс орнатылмаған нөмір үшін 21 625 теңге айыппұл; нөмірсіз көлік жүргізуге 43 250 теңге; осы жағдай бір жыл ішінде қайталанса 86 500 теңге айыппұл, немесе 1 жылға көлік жүргізу құқығынан айыру шарасы жүзеге асады. Жалған нөмір орнатқан жағдайда 64875 теңге айыппұл төлеуге тура келеді.

Жалған, немесе жасыратын құрылғылары бар нөмірмен жүргені үшін 5 тәуелдік дейін қамалады және 1 жылға дейін жүргізу құқығынан айырылады.

КӨЛІГҢІЗДІ ЖАППАЙ ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ КЕЗІНДЕ ҚОРҒАУҒА БОЛА МА?

Қазақстан Республикасында авто-сактандыру міндетті және ерікті нысан-дарда жүзеге асырылады. Көлік құрал-дары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (КҚИ АҚЖ МС) ЖКО салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге арналған. КҚИ АҚЖ МС бойынша төлемдер заңнамада белгіленген сактан-дыру сомалары шегінде жүзеге асырылады және ЖКО-да кінәлі деп танылған адамның көлік құралына келтірілген зиянды өтеуге қатысты қолданылмайды.

Ерікті автосактандыру (КАСКО) ЖКО-ға кінәлі адамның мүліктік мүдде-лерін өтейді және сактандырылған көлік құралының зақымдануы, жоғалуы неме-се толық жойылуы кезінде оның залалын өтеуді көздейді, бұл ретте сактандыру өтемінің шарттары мен тәртібі клиенттің қажеттіліктерін ескере отырып айқындалады және әр түрлі сактандыру тәуекелдерін, франшиза мөлшерін, шығындарды реттеу тәртібін, жөндеу форматын және ЖКО жағдайлары және жүргізушінің кінәсінің дәрежесін ескере отырып, қосымша сервистік қызметтерді қамтуы мүмкін.

Қазіргі уақытта жалпы сактандыру бойынша 15 сактандыру компаниясының ерікті автосактандыруды (КАСКО) жүзеге асыру бойынша лицензиясы бар. 2025 жылғы 11 айдың қорытындысы бойынша ерікті автосактандыру бойынша сактандыру сыйлықақыларының көлемі 77,3 млрд. теңгені құрады, бұл ретте автокөлік иелеріне сактандыру төлемдері 26,5 млрд. теңгеге жетті.

Қыс мезгілінде КАСКО ерікті сактандыру әрекетіне өзектілікке ие болады, себебі ол автокөлік иелеріне көлік құралын қосымша қаржылық қорғауды қамтамасыз етуге және қиын ауа-райында апаттың жоғарылауымен байланысты ықтимал қаржылық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ҚАЙДА ӨТЕДІ?

Биылғы қысқы олимпиада 6-шы ақпанда Италияда өтеді. Төрт жылдықтың дүбірлі додасы Италияның Милан және Кортина-д’Ампеццо қалаларында өтеді. Биыл қысқы ойындарға әлемнің 93 елінен 3500-ден астам спортшы қатысады деп жоспарлануда. Қазақстаннан қанша адам баратыны қаңтар айының соңына дейін белгілі болады. Өзірге спортшылар халықаралық жарыстарға қатысып, Олимпиада лицензиясын алуға тырысуда.

Негізі қысқы олимпиада биыл 25-ші рет өткелі тұр, әрі Италияда өтетін төртінші Олимпиада.

Олимпиада Италияда төртінші рет өткенімен Миланда бірінші рет болмақ. Араға жетпіс жыл салып Кортина-д’Ампеццо бұл жарысты екінші рет өткізеді екен.

Сайыстар Италияның өртүрлі қалалары мен өңірлерінде өтеді. Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты Миланда «Сан-Сиро» стадионында өтеді. Ал әйгілі Пьяцца-дель-Дуомо алаңында марапаттау рәсімдері мен тікелей көрсетілімдер өтеді. Арена ди Верона тарихи амфитеатрында Олимпиада ойындарын ресми түрде қабылады. Олимпиада қалашықтары Милан, Ливиньо және Кортина-д’Ампеццода орналасады.

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫН ТҮРДЕРІ ҚАНДАЙ?

Биылғы жылдың 6-ша ақпанында Италияда өтетін қысқы Олимпиадада 16 спорт түрінен 116 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Спорт түрлері: биатлон, бобслей, тау шаңғысы, керлинг, конькимен жүгіру спорты, шаңғы жарысы, шаңғы қоссайысы, фристайл, трамплиннен секіру, шана спорты, скелетон, ски-альпинизм, сноуборд, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей және шорт-трек. Бұл Олимпиада ойындарының ерекшелігі спорт бағдарламасына алғаш рет ски-альпинизм енгізіледі.

Олимпиада медалі екі жарты бөліктен тұрады. Олар спортшының мансап жолын және осы жолда оның жанында болған барлық адамды бейнелейді. Медаль қайта өңделген металдан жасалған.

ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕКТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?

2025 жылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына кері байланыс арналары арқылы медициналық қызметтерді алу бойынша 701 115 өтінім келіп түсті. Олардың қатарында пациенттердің алғыстары, шағым-дары мен ұсыныстары бар.

Қорда мәлімдегендей, өтініштердің басым бөлігі кеңес беру сипатында болды. Азаматтарды МӘМС жарналарын төлеу тәртібі, медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, жолдамалар мен еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын рәсімдеу, сондай-ақ медициналық көмекті көрсету шарттары, жеңілдік санаттары мен тізімдердегі өзгерістерге қатысты түсіндірулер қызықтырған.

2025 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Қор жүйесіне барлығы 23 022 шағым түскен. Бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңінен салыстырғанда 4 179 шағымға немесе 15,3%-ға аз.

Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда қайтарып алынған шағымдардың үлесі 46,2%-дан 50,2%-ға дейін өсті. Атап айтқанда, 23 022 шағымның 11 578-і (50,2%) пациенттерді қолдау қызметтері мен медициналық ұйымдардың ішкі сараптама бөлімдері арқылы «осы жерде және дәл қазір» қағидаты бойынша қайтарып алынған немесе шешімін тапқан.

Қазақстандықтар келесі сұрақтар бойынша ең көп өтінім берген:

медициналық көмекті сапасыз көрсету – 8678 (37,7%);

медициналық көмек көрсетуден бас тарту – 8 520 (37%);

ТМҚКК және МӘМС шеңберінде дәрілік заттарды беруден бас тарту – 3 210 (13,9%).

Осылайша, өтініштердің негізгі бөлігі медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына, сондай-ақ пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге байланысты.

«МӘМС жүйесі іске қосылғалы Қорда кері байланыстың бірнеше арнасы жұмыс істейді: msqorg.kz ресми сайты, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және 1414 байланыс орталығы. Азаматтардан түскен барлық өтінімдер міндетті түрде қаралады және толық шешілгенге дейін бақылауда болады», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Жұлдыз Рамазанова.

Сондай-ақ Қорда азаматтардың өтініштерін талдау денсаулық сақтау саласындағы жүйелі мәселелерді анықтауға, сондай-ақ МӘМС пен ТМҚКК аясында медициналық көмектің ашықтығын, қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін халықтың кері байланысын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретінін атап өтті.

ОЛИМПИАДА БИЛЕТТЕРІ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Италияда 6-шы ақпанда өтетін қысқы олимпиада билеттері тек цифрлық форматта сатылады. Олимпиада ойындарының ресми билет платформасы мен Халықаралық Олимпиада комитетінің ресми серіктесі On Location сайтынан алуға болады. Басқа сайттардан алған билеттер жарамсыз болуы мүмкін.

Сатып алу үшін міндетті түрде тіркелу қажет. Ең арзан билет 30 еуродан басталып, 1400 еуроға дейін жетеді. Ашылу салтанатының билеттері 260 еуродан басталып, 2026 еуроға дейін, ал Верона арена-сындағы жабылу рәсімі 950 еуродан басталып, 2900 еуроға дейін жетеді.

Барлық билет тек цифрлық форматта беріледі. Жарыстарға кіру үшін Milano Cortina 2026 мобильді қосымшасын қолдану қажет. Билет QR-кодын жарыстың басталуына 24 сағат қалғанда көруге болады. Қағаз билет мүлдем жоқ. Жоспарыңыз өзгерсе билетті қайтара аласыз. Бірақ 5% комиссия төлеуіңіз қажет.

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДАҒА КІМДЕР БАРАДЫ?

Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың айтуынша, биылғы жылдың 6-шы ақпанында Италияда өтетін қысқы олимпиадаға ұлттық құрама спортшылары 10 спорт түрі бойынша 58 медаль жиынтығы үшін бақ сынайды. Биатлон, конькимен жүгіру, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, тау шаңғысы, шаңғы қоссайысы, шаңғы жарысы, трамплиннен секіру, фристайл-могул және фристайл-акробатика бойынша қазақстандық спортшылар қатысады.

Биатлон, шаңғы жарысы, фристайл-могул және фристайл-акробатика секілді спорт түрлерінен лицензиялық іріктеу әлі аяқталмаған. Әлем кубогі кезеңдері біткен соң халықаралық рейтинг жарияланып, үздік спортшылар Олимпиада жолдамасын алады. Ұлттық құрама тізімі мен лицензия саны қаңтар айының соңында белгілі болады.

Әзірге мәнерлеп сырғанаудан 2; шорт-тректен 9; конькимен жүгіруден 12 лицензия бар.

Мәнерлеп сырғанаудан Михаил Шайдоров пен Софья Самоделкина жекелей сында ел намысын қорғайды.

Шорт-тректен сайысқа Денис Никиша, Абзал Әжғалиев, Ольга Тихонова, Яна Хан қатысады.

Биылғы қысқы ойындарға Қазақстан атынан жалпы 35 спортшы қатысады деп жоспарлануда.

Медальға үміткерлер қатарында мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров пен Софья Самоделкина, конькиші Евгений Кошкин және шорт-трекшілер бар.

Михаил Шайдоров – мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионатының күміс жүлдегері. Софья Самоделкина мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан тарихында алғаш рет әйелдер арасында Гран-при кезеңінде жүлдегер атанды. Денис Никиша 2024 және 2025 жылдары қатарынан екі мәрте шорт-тректен әлем чемпионатының күміс жүлдесіне ие болды. Сондай-ақ, Евгений Кошкин конькимен жүгіруден Әлем кубогі кезеңдерінде екі алтын медаль жеңіп алды.

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА КИІМІ ҚАНДАЙ?

Қазақстан ұлттық құрамасының формасы таныстырылды. Комиссия бекіткен эскиз Халықаралық Олимпиада комитетімен келісуде екен. Спорттық киім жиынтығы 22 атаудан тұрады. Оның ішіне Олимпиаданың ашылу және жабылу салтанаттарына арналған салтанатты форма, жарыс кезеңінде пайдаланылатын жылы сырт киімдер, сондай-ақ оқу-жаттығу жиындары мен күнделікті қолдануға арналған жаттығу және күнделікті киімдер кіреді. Форма демеушілер есебінен сатып алынған.

Италияда өтетін қысқы олимпиада ойындарына спортшыларды дайындауға 13,3 млрд. теңге бөлінді. Олимпиадаға спортшылар жарыс басталардан бір апта бұрын барып, жергілікті климатқа бейімделеді.

Мемлекет тарапынан Олимпиада жүлдегерлеріне қомақты сыйақы қарастырылған:

Алтын жүлдеге 250 мың доллар; күміс жүлдеге 150 мың доллар; қола жүлдеге 75 мың доллар сыйақы төленеді.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КРЕДИТІ БОЙЫНША ТӨЛЕМДІ KEЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ:

НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

2024 жылдан бастап Қазақстан Респуб-ликасының Қарулы Күштерінде мерзімді әскери қызмет өткеретін азаматтар микро-кредиттер мен банктік қарыздар бойынша өз міндеттемелерін орындауды кейінге қалдыру құқығына ие болды. Қағидаларға сәйкес, барлық қызмет ету мерзіміне және демобилизациядан кейін 60 күн ішінде пайыз-дар, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептелмей төлемдер бойынша кейінге қалдыру беріледі.

2025 жылғы қарашадағы мәліметтер бойынша, мерзімді әскери қызметке шақы-рылған 21,9 мың қарыз алушының ішінен 19,2 мыңы қарыздар бойынша кейінге қалдыру мүмкіндігін алды. Берілген кейінге қалдырудың жалпы сомасы 8,5 млрд теңгені құрады.

- Кейінге қалдыру мүмкіндігін алу үшін не істеу керек?

Кейінге қалдыру өтінішсіз беріледі: әскерге шақыру туралы деректерді Қорғаныс министрлігі кредиттік бюроға, содан кейін банктер мен микроаржы ұйымдарына жібереді. Банктер мен микроаржы ұйымдары хабарлама алған сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде кейінге қалдыру мүмкіндігін ұсынуға міндетті.

Хабарлау жазбаша және/немесе онлайн режимінде жеке қатысу немесе қосымша келісімдерге қол қою қажеттілігінсіз жүзеге асырылады. Шара негізгі борышқа және есептелетін сыйақыға қолданылады.

Сондай-ақ, кейінге қалдыру кезеңінде айыппұлдар, өсімпұлдар есептеуге және өндіріп алу шараларын қолдануға тыйым салынады. Әскери бөлімнің тізімінен мерзімінен бұрын шығарылған жағдайда, кейінге қалдыру тағы 60 күнге сақталады.

Кейінге қалдырудан бас тартуды қаласа, қарыз алушы жазбаша өтінішті банк хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде жіберуге құқылы, мұндай жағдайда кредитор кейінге қалдыруды қолданудың күшін жояды.

Егер кредит бойынша сот шешімі шығарылса, татуласу келісімі жасалса немесе атқарушылық жазба ресімделсе, кейінге қалдыру берілмейді.

Кейінге қалдыруды автоматты түрде алмаған жағдайда әскери қызметші қаржы ұйымына жазбаша өтініш жібереалады, мәселе реттелмеген жағдайда банк/микроаржы омбудсманына және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жүгіне алады.

МӘМС КІМДЕР ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ?

Қазір Қазақстанда 3,6 миллионға жуық адам МӘМС жүйесіне қатыспайды. Олардың шамамен 1 миллионы – әлеуметтік жағдайы дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейдегі тұрғындар. Яғни олардың МӘМС жарналарын төлеуге мүмкіндігі жоқ.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл азаматтар үшін МӘМС жарналарын жергілікті атқарушы органдар төлейді. Осылайша оларға сақтандырылған мәртебесі беріліп, МӘМС аясында қажетті медициналық көмек ала алады.

Бұдан бөлек жергілікті бюджет есебінен ресми тіркелген жұмыссыздар үшін жарна төленетін болады. Бұған дейін бұл төлемдер республикалық бюджеттен түсіп келді.

Сақтандырылған азаматтар үшін диагностика, дәрі-герлердің кеңесі, жоспарлы операциялар, емдеу және оңалту қызметтері МӘМС аясында тегін көрсетілетінін есте сақтаңыздар. Медициналық көмек алу үшін тұрғылықты жеріңіз бойынша емханаға тіркелу қажет.

МӘМС ПАКЕТІНЕ ҚАНДАЙ СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАР КІРЕДІ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне диспансерлік есепте тұрған азаматтардың бірқатар созылмалы аурулары бойынша бақылау мен емдеу енгізілді.

Бұл тізімге келесі ауру түрлері кірді:

- қант диабеті;
- балалардың церебралды сал ауруы;
- дәнекер тіннің жүйелі аурулары;
- ревматизм;
- артериялық гипертония;
- жүректің ишемиялық ауруы және өзге де жүрек аурулары (жүрек жеткіліксіздігі, жүрек ырғағының бұзылыстары);
- төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары;
- Бүйрек аурулары, оның ішінде гломерулярлық аурулар, созылмалы бүйрек ауруы;
- ас қорыту жүйесінің аурулары;
- сүйек-бұлшықет жүйесі мен дәнекер тін аурулары.

Бұл диагноздары бар адамдарға амбулаториялық және стационарлық жағдайларда, соның ішінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, қымбат дәрі-дәрмектерді қоса алғанда, барлық қажетті ем түрлерін алуға мүмкіндік береді.

ДӘРІГЕРЛЕР ЖОҚ, НЕМЕСЕ КЕЗЕК ТОЛЫҚ. НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер қызмет көрсететін емханада қажетті бейінді дәрі-гердің кеңесін ала алмаса, қандай да бір диагностикалық қызметті өткізуге арналған жабдық болмаса, сондай-ақ мамандар мен жабдық болса да жазылу мүмкін болмаған жағдайда, пациент басқа клиникаға, оның ішінде жеке клиникаға да жолдама сұрауға құқылы. Ең бастысы бұл клиника Қордың жеткізушілер базасында болуы тиіс.

Бұл ретте пациенттің тіркелген емханасы мен аталған клиника арасында қосалқы орындау шартының бар-жоғы маңызды емес, өйткені жолдама жасалған кезде ол ақпараттық жүйеде автоматты түрде жасалады.

Жалпы, пациенттің медициналық көрсеткіштері бола тұра жолдама беруден немесе медициналық көмек көр-сетуден бас тартылса, ол Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгінуге құқылы. Мұндай қызметтер әрбір медициналық ұйымда құрылған және мәселелерді «осы жерде және қазір» қағидаты бойынша шешеді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша

"Ақшамның" асханасы

САЛМАҚ ЖОҒАЛТУ ҮШІН НЕ ЖЕУ КЕРЕК?

Жаңғақтар. Жержаңғақ, бадам, грек жаңғағы және қарағай жаңғағы салмақ жоғалту үшін таптырмас тағамдар. Оларда көптеген өсімдік майлары бар, олар бірнеше сағат бойы денені тез қанықтырады, көптеген витаминдер мен диеталық талшықтарды қамтиды.



Ең бастысы – жеуге болатын мөлшерді білу, өйткені барлық жаңғақтар өте құнарлы. Күніне 2-3 грек жаңғағын жеу жеткілікті, оларды өзінше тағам ретінде, немесе таңғы ас, кешкі ас ретінде пайдалануға болады.

Көкөністердің арасында қияр, қырыққабат және алма жүдеуге жақсы. Олардың барлығының құнарлығы төмен және ағзаға пайдалы. Қырыққабат ішектегі барлық артық заттарды кетіруге



көмектеседі. Қиярда су көп, сондықтан олар ылғалмен, сонымен қатар витаминдер мен микроэлементтермен жақсы қаныққан. Алма қоректік болып табылады, құрамындағы талшықтарға байланысты ұзақ уақыт бойы қарын аштырмайды.

Жемістердің жақсысы әрине, цитрустар. Грейпфрут суық тиюден қорғайды, көңіл-күйді жақсартатын С дәрумені көп. Майды ыдыратуға көмектесетін арнайы заттар бар. Сондай-ақ, бұл жеміс күшті холеретикалық әсерге ие. Апельсиндер флавоноидтар мен эфир майларының арқасында маймен күреседі, ал талшықты тез қанықтырады. Ананас -



ең жақсы десерт, зиянды шоколадтарды алмастырғыш, дәмді, тіпті асқазан сөлін белсендіріп, салмақ жоғалтуға жақсы ықпал етеді.

Майы аз сүт өнімдері, бірақ тек табиғи, қоспаларсыз және бояғыштарсыз - йогурт, сүзбе. Олардың барлығында үйлесімділік үшін қажетті ақуыз, сондай-ақ жасушаларға әсер ететін және оларды майдан тазартатын кальцитриол бар.

Даршын, қыша, желкек және имбирь сияқты дәмдеуіштер. Зімбірдің




құрамындағы эфир майлары асқазан сөлінің секрециясына ықпал етеді. Даршын қант деңгейін төмендетеді және соның арқасында май жасушаларын кетіреді. Желкек пен қыша асқазан сөлін ынталандырады және асқазанға қажетсіз және ауыр тағамдарды тезірек сіңіруге көмектеседі.

Сусындардың да пайдасы мол. Мысалы, жоғары сапалы жасыл шай немесе қызыл шарап. Шайдың құрамында тиамин және эпигаллокатехин бар - бұл заттар тері астындағы ғана емес, сонымен қатар ішкі органдардың айналасында пайда болатын майдың жиналу процесін екі есе дерлік бәсеңдетеді.

Қызыл шарап құрамындағы ресвератролдың арқасында артық шөгінділермен күреседі - ол май жасушаларының рецепторларын блоктайды және май жинау процестерін баяулатады.

Сонымен салмақты жоғалту кезінде ет өнімдерінен бас тарту мүлдем қарсы нәтижеге әкелуі мүмкін. Мұның бәрі оның құрамында бұлшықет массасын құруға және сақтауға қажетті ақуыздың көп болуына байланысты. Сонымен қатар етті сіңіруге ұзақ уақыт кетеді.

Майы аз етті ғана таңдаңыз: майсыз сиыр еті, май қабаттары жоқ тауық еті; қоян еті; күркетауық филесі.



Артық салмақтан тезірек арылу және сонымен бірге бұлшық ет массасын, яғни дененің сапасын сақтау, тері салбырап кетпеуі үшін диетаға тек пайдалы тағамдарды қалдыру жеткілісіз. Сондай-ақ оларды бір-бірімен қалай біріктіруге керектігін білу өте маңызды.

• Ет немесе балық сияқты ақуызды тағамдарды көкөністермен бірге тұтыну керек. Олар баяу қорытылады және денедегі майды тез ыдыратады.

• Дәмді дақылдар мен макарон өнімдері де көбіне үйренген белокты тағамдармен емес, көкөністермен жақсы үйлеседі. Көмірсулар мен көкөністер ұзақ уақыт бойы қарын тойдырады, калорияларды энергияға айналдырады, бірақ көмірсулар мен ақуыздар салмақтың өсуіне әкелетін ауыр тағамдарға айналады.

• Жемістерді барлық басқа тағамдардан бөлек тұтыну ұсынылады және тек бір-бірімен біріктіруге болады. Олар тез қорытылады, сондықтан олар толық тамақтану арасында жеуге ыңғайлы.

• Майлар мен ақуыздар глюкоза деңгейін реттейді, әрі ұзақ уақыт бойы қарын аштырмайды. Ең жақсысы жаңғақ қосылған табиғи йогурт немесе ет пен авокадо қосылған көкөніс салаты.

• Жаңа піскен жемістерді жаңғақтармен біріктіруге болмайды, бірақ олар кептірілген жемістермен жақсы сіңеді. Бұл жиынтықтан көптеген тәттілерді дайындауға болады - шоколад пен орамды ауыстыру. Бірақ норманы сақтау да маңызды - күніне 30 грамнан артық емес.

Дұрыс тамақтану арқылы арықтауға болады.

Балық - салмақ жоғалтуға арналған ең жақсы тағамдардың бірі. Ол май қышқылдарына, йодқа бай - олардың барлығы адам ағзасындағы метаболикалық процестердің жылдамдығы байланысты болатын қалқанша безінің жұмысын реттейді.

Диеталық тағамдарды майы аз балық пен теңіз өнімдерінен дайындау керек.



Ас мәзіріне камбала, асшаяндар; тунец; треска; кальмарлар қоссаңыз тез жүдейсіз.

Көкөністер мен жасыл шөптер диетаның негізі болып табылады, олар көп болуы керек. Жалпы күнделікті калорияның шамамен 70%-ын құраса, адам семіздікке шалдықпайды. Көкөністер пайдалы, калориялары төмен. Көкөніс талшықтары асқазанның жұмысын жақсартады және метаболизмді қалыпқа келтіреді.

Үнемі қызанақ, қырыққабат, қияр, бұрыш, репа, цуккини, балдыркөк, сондай-ақ кез келген жаңа піскен дәмдеуіш жасыл шөптерді жесеңіз семірмейсіз. Бұларды шектеусіз жеуге болады, өйткені олардың калориясы өте аз.

Сүт өнімдері. Ашыған сүт өнімдерінің пайдалылығына қатысты көптеген даулы пікірлер бар, бірақ олардың құрамында май жасушаларын ыдырататын кальций әлі де бар, сонымен қатар олар оңай сіңетін көмірсулардан тұрады, яғни олар ағзаға қажет.



Қатты ірімшіктер триптофан амин қышқылының арқасында тәтті және зиянды нәрсені жеуге деген ықыласты тоқтатады. Денеге енгеннен кейін ол эндорфинге айналады.

Сүт сарысуы; майлылығы 2, 5%-дан аспайтын, бірақ майсыз айран; 5% майға дейін қоспасыз сүзбе; табиғи йогурттар; ірімшік, адыге ірімшігі және майлылығы 20%-ға дейінгі басқа да ұқсас ірімшіктер ағзаға өте пайдалы.

Жемістер мен жидектерде калориялар мен көмірсулар аз. Олар тәтті және крахмалды тағамдардың орнына ұсынылады, өйткені олар қандағы глюкоза деңгейіне ерекше әсер етпейді, жақсы сіңеді және майға айналмайды. Бірақ бәрібір, олар тек кешке дейін тұтынылуы керек.

Әсіресе грейпфрут, алма, алмұрт,



анар, авокадо және кивиге назар аударған жөн. Жидектерден таңқурай, көкжидек, қарақат, қаражидек өте пайдалы.

Сусындар. Ең алдымен, ең қарапайым газдалмаған судың пайдасы мол. Күн сайын өз денеңіздің нормасын ішу керек - бұл салмақ жоғалту процесін жылдамдатады. Ауыз судан басқа сапалы жасыл шай, лимон қосылған су, даршын, имбирь қосылған шай, «Суши» суы, аз мөлшерде қызыл құрғақ шараппен метаболизмді жақсарта аласыз.



ШПИНАТ ТҰЗДЫҒЫ ҚОСЫЛҒАН ЛОСОСЬ

Қажетті заттар: 250 грамм балғын шпинат; екі лосось стейктері; бір қасық өсімдік майы; екі ас қасық кілегей; жарты лимон.

Дайындалуы: Шпинатты бір минут қайнаған суға батырамыз. Сұйықтықты аздап тұздауға болады. Аз майға балықты қуырып аламыз. Табаға лимоннан шырынды сығып, кілегей, аздап тұз қосып, баяу отта қыздырамыз. Тағамға тұздықты құйып, шпинатпен балықты ұсыныңыз.



АҒЗАҒА ПАЙДАЛЫ ШЫРЫНДАР

СӘБІЗ ШЫРЫНЫ. Сәбіз шырыны дәмді және арзан. Ол еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін пайдалы. Құрамында В тобындағы дәрумендер, С дәрумені, натрий, калий, фосфор, темір бар. Бауырдың жақсы жұмыс жасауына әсер етеді.

ҚЫЗЫЛША ШЫРЫНЫ. Арзан бұл шырынды көбіне алма немесе сәбіз шырындарымен араластырып ішеді. Қызылшаның емдік қасиеті ерекше. Оның құрамында кальций, темір, марганец, хлорлы калий, С дәрумені секілді пайдалы заттар бар. Қызылша қан тазалап қана қоймай, мидың да дұрыс жұмыс істеуіне көмектеседі. Қызылша шырыны әсіресе шығармашылықпен айналысатындарға керек.

ЛИМОН ШЫРЫНЫ. Лимон құрамында С дәрумені және антиоксиданттар өте көп. Қышқыл дәмді шырын болса да, адамға күш береді. Бір стақан лимон шырынының өзі иммунитетті көтереді.



БРОККОЛИ ШЫРЫНЫ. Қызылша сияқты бұл шырынды да басқа шырындармен араластырып ішу керек. Әйтпесе денсаулыққа кері әсер етуі мүмкін. Құрамында иммунитетті күшейтетін күкірт, калий және В1 мен С дәрумендері бар. Сонымен қатар брокколи белоктарға бай. Бұны көбіне спортшылар ішеді.

МҮКЖИДЕК ШЫРЫНЫ. Бұл шырынды басқамен араластырудың қажеті жоқ. Өйткені ол онсызда тәтті. Құрамында С дәрумені мен мықты антиоксиданттар бар. Иммунитетті нығайтуға көмектеседі.

КИВИ ШЫРЫНЫ. Ішінде дәні бар өте жұмсақ жеміс жүрек ауруларынан құтқарады. Сонымен қатар А, С, Е, К дәрумендерімен байытып, әлдендіреді. Және өте дәмді.

АЛМА СІРКЕ СУЫ. Бұл дайын коктейль. Сірке суы иммундық жүйені жақсартса, алма шырынын денсаулыққа пайдалы фосфор, кальций, темір сияқты заттарды сіңіреді. Сірке суы арықтауға да көмектеседі. Алайда бұл сусынмен абай болу керек. Дәрігерлермен кеңесіп, уақытында ішкен дұрыс.

КӨК ШАЙ. Көк шайдың құрамында вирустарды жоятын галлат және эпигаллокахетин атты химиялық қосындылар бар. Соңғы зерттеулерге сүйенетін болсақ, көк шай тіпті қатерлі ісіктің де алдын алады екен.

ЛЮСИ АЛМАСЫ

Алманың түрі көп. Сонда да оның түрі тағы біреуге көбейді. Herizi "Lucy Apples" компаниясы алманың Люси Гло сортын 2022-ші жылы шығарған. Алайда Люси осы жылдың басынан бастап танымал бола бастады.

Люси осы компанияның Ханикрис пен Ред Флеш сорттарының гибриді. Дәмі құлпынай лимонадына ұқсас. Түрі қызыл-қызыл, еті жұмсақ. Өзірге Люси Америка дүкендерінде ғана бар екен. Дегенмен енді танымал болып жатқан



Люсиді өзге елдер де сатып алуына, немесе өз елінде егіп, жерсіндіруге болады. Әрине Люси Глоға қол жетпегенімен қолжетімді алмаларды жеген дұрыс. Өйткені алма жегендер үрейлене бермейді. Қайсыбір алма сорты болмасын холестеринді төмендетеді, Альцгеймер ауруынан сақтайды.

ЖЫЛЫ САЛАТ

Қажетті заттар: 2 шалот; бір кішкентай брокколи; тауық еті; екі ас қасық зәйтүн майы және соя сусынының бірдей мөлшері; сарымсақ қалампыры; шамамен 10 зәйтүн.

Дайындалуы: Брокколи мен тауықты жұмсақ болғанша қайнатамыз, тураймыз, салат ыдысына саламыз. Сосын зәйтүндерді саламыз. Пиязды тураймыз, майға қуырамыз, туралған сарымсақпен біріктіріп, қырыққабатпен тауыққа қосамыз.

Соя соусымен қуырылған пияз мен сарымсақтан қалған майды қосамыз.

СӘБІЗ және ЖАСЫМЫҚ СОРПАСЫ

Қажетті заттар: 100 мгр. сүт; 100 грамм жасымық; 400 грамм сәбіз; бір литр көкөніс сорпасы. **Дайындалуы:** Сәбізді тазартып, аздап қуырамыз, кастрюльге салып, тізімдегі барлық басқа заттарды да қосамыз. Барлығын қайнатамыз. Жасымық ісініп, үлкейген соң дәмдеуіштер қосамыз. Барлығын блендерден өткіземіз. Сорпа дайын.

ІРІМШІК пен КӨКӨНІС ҚОСЫЛҒАН СОРПА

Қажетті заттар: көкөніс қоспасының қаптамасы; балғын дәмдеуіш шөптер; екі жұмыртқа; 100 грамм ірімшік. **Дайындалуы:** Суды қайнатамыз, көкөніс қоспасы мен үгітілген ірімшікті қосамыз. Көкөністер жұмсақ болғанша және ірімшік ерігенше күтеміз. Өз қалауымыз бойынша дәмдеуіштерді саламыз. Жұмыртқаны қайнатып, сорпаға жұмыртқамен жартысы мен дәмдеуіш шөптерді қосамыз.

ҚЫЗЫЛША мен ІРІМШІК САЛАТЫ

Қажетті заттар: екі жұмыртқа; екі қызылша; 100 грамм майсыз ірімшік; 100 грамм табиғи йогурт; 50 грамм жаңғақ. **Дайындалуы:** Қызылша мен жұмыртқаны қайнатамыз, үккіште ұнтақтаймыз. Қызылшаны алдымен салат ыдысына саламыз, үстіне йогурт, содан кейін үгітілген жаңғақты салып, үстінен жұмыртқамен жабымыз. Содан соң үгітілген ірімшік және қайтадан йогурт саламыз.

ҚҰНАРЫ ТӨМЕН СҮЗБЕ ДЕСЕРТІ

Қажетті заттар: 15 грамм желатин; 300 грамм майсыз сүзбе; екі ас қасық какао; 100 грамм табиғи йогурт.

Дайындалуы: Желатинге аз мөлшерде суық су құямыз, 15 минутқа қалдырамыз, содан кейін қайнатамыз. Барлық басқа қажетті заттарды араластырамыз, араластырғышпен үземіз, желатинмен біріктіреміз және тегіс болғанша қайтадан шайқаймыз. Кішкене ыдыстарға бөліп құйып тоңазытқышқа қоямыз, салқындатамыз.